



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянға құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянды және оның отандастарын Біріккен Араб Әмірліктерінің Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент жеделхатта БАӘ-нің экономикасы қарқынды дамыған ел және халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесі екенін атап өтіп, шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаянның басшылығымен Әмірліктердің одан әрі өркендей беруіне тілектестік білдірген.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстанның Шығанақтағы басты серіктестерінің бірі саналатын БАӘ-мен берік ынтымақтастық қос халықтың игілігі үшін одан әрі нығая түсетініне сенімді екенін жеткізген.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Лаос Президенті Тхонглун Сисулитке құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Лаос Халық Демократиялық Республикасының Президенті Тхонглун Сисулитті және оның отандастарын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Лаос елінің мемлекет іргесін нығайту және халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізгенін атап өтті.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті бірлескен күш-жігердің арқасында екіжақты қарым-қатынастар алдағы уақытта да дами беретініне сенім білдірді.



АЗИЯҒА СЕНИМ КӨП

Қазақстан құрамасы Бокстан Азия чемпионатының алғашқы күнінен бастап 5 медальды қоржынға салды. Байрақты бәсекеде спортшыларымыз жалпы есепте көш басында келе жатыр.

→ 8

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯ БЕРМЕК

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжан Сяоны қабылдады.



Әңгімелесу барысында Президент Қазақстан мен Қытайды ғасырларға ұласқан берік достық пен тату көршілік қатынастар байланыстыратынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, өзара сенім мен құрметке негізделген тиімді ынтымақтастықтың нығаяуына екі тарап та үлес қосып келеді.

Мемлекет басшысы бүгінде Қазақстан мен Қытайдың ықпалдастығы қарқынды әрі сан қырлы сипат алғанын айтты. Екі ел арасында белсенді саяси диалог қалыптасты, сауда-экономикалық әріптестік өркендеді, мәдени байланыстар жанданды және білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалардың саны артты. Қауіпсіздік саласында, әсіресе, «үш зұлым күшке» қарсы күрес бағытында тығыз

ынтымақтастық орнаған. Бұдан бөлек, елдеріміздің БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК аясындағы, сондай-ақ «Орталық Азия – Қытай» форматындағы халықаралық байланыстары белсенді өрбіп келеді. Президенттің айтуынша, Қазақстан мен Қытай тату көршілік қарым-қатынастың нағыз үлгісін көрсетіп отыр.

Өз кезегінде Қытай елшісі Чжан Сяо Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Бейжіңнің жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға бейіл екенін растады.

Мемлекет басшысы Чжан Сяоның қазақ-қытай достығын табысты дамытуға, мемлекетаралық байланыстарды тереңдетуге қосқан үлесін жоғары бағалап, II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

НАРЫҚ

БАСПАНА САЯСАТЫНДА БЕТБҰРЫС БАСТАЛДЫ

Жаңа 2025 жылы мемлекеттің тұрғын үй саясаты түбегейлі реформаланады. Осы аттас заң өмірге жолдама алды. Тұңғыш рет барлық өңірдегі баспанаға мұқтаж тұрғындарды кезекке қоюды, олардың арасында тұрғын үйді бөлуді орталықтандырылған түрде, бір жерден жүзеге асыратын республикалық ұйым пайда болады. Үй кезегіндегі көптеген адам одан шығарып тасталады. Өзге де жаңалығы жетерлік.

ЖАҢА ИНСТИТУТ ҚҰРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 22 қарашада «Кейбір заңнамалық актілерге тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған болатын. Құжат ертең күшіне енеді. Бірақ оның бірқатар бабы осы заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін 6 ай өткен соң, алдағы жылғы мамырда ғана қолданысқа енгізілмек.

Мұндай өтпелі кезең бірнеше себеппен беріліп отыр. Біріншіден, осы жарты жыл ішінде Отбасы банкі «ұлттық даму институты» деген жаңа мәртебесіне сай қайта құрылады. Екіншіден, содан кейін бүкіл 20 өңірдің әкімдігі бірыңғай республикалық электрондық базаға енгізу үшін өзіндегі тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан азаматтары, қандастар туралы мәліметтерді жаңа ұлттық даму институтына береді. Осыдан кейін ондаған жыл бойы әкімдіктер жүргізіп келген үй кезегі тарих қойнауына жол тартады. Жұртшылық соған дейін кезекке тұрып қалуға жанталасып, әкімдіктерді шабуылдап, дүрбелен туғызуы мүмкін, мемлекет соған дайын болғаны жөн.

(Жалғасы 5-бетте)



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

НЕГЕ ТӨМЕН ТЕҢГЕНІҢ ТЕГЕУРІНІ?



Биыл қараша айында теңге бағамы доллармен салыстырғанда 5%-ға әлсіреді. Сонымен қатар Қазақстан қор биржасындағы (KASE) шетелдік валютаның сауда көлемі де азайды. Теңгеге қысымды азайту мақсатында Ұлттық банк 2,4 млрд АҚШ доллары көлемінде шетел валютасын сатқан болатын.

→ 4

ЖЫЛҚЫДА ДА ЖЫЛҚЫ БАР, ҚАЗАНАТЫ БІР БӨЛЕК!

Ежелден қастер тұтып қадірлеген төрт түліктің төресі – жылқы. Өйткені әлемде тұңғыш рет қазақтың арғы ата-бабалары қолға үйреткен қылқұйрықты жануар көшпенділер тіршілігінің басты тірегі, хәм серігі де болған.



→ 7

3 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



СЕНАТОРЛАР ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТИ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 5 желтоқсан күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және алдағы іс-шараларды пысықтады.

Отырыс барысында бюро мүшелері 6 желтоқсан күні «Азық-түлік қауіпсіздігі – ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау өткізу туралы қаулы қабылдады. Мәулен Әшімбаев Парламенттік тыңдауда талқыланатын мәселенің өзектілігі мен маңызына назар аударып, БҰҰ-ның Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы 2025 жылы 343 миллионға жуық адам аштықтан зардап шегеді деп болжап отырғанын тілге тиек етті.

«Халықты сапалы және қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз ету – кез келген мемлекет үшін стратегиялық мәселе. Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін айтарлықтай әлеуетке ие. Дегенмен бұл бағытта өзекті проблемалар да бар. Тыңдау барысында сол түйткілдерге баса мән беріп, мазмұнды және нәтижелі талқылау ұйымдастыру қажет», – деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар бюро мүшелері бекіткен күн тәртібіне сәйкес сенаторлар палата отырысында 2 мәселені қарайды. Олардың бірі – «2024 – 2026

жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң. Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу, қоғамдық қатысу, мемлекеттік наградалар және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң да Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды. Бұл құжаттың нормалары ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнаманы жетілдіруге арналған. Осылайша, заңда ақпаратқа қол жеткізу құқығын заңсыз шектегені үшін мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтуге және ақпараттың ашықтығы мен оны алдын ала тарату қағидаттарын бекітуге бағытталған нормалар қарастырылған. Мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа қол жеткізуіне қажетті жағдай жасауға да ерекше назар аударылып отыр.

Одан бөлек, бюро отырысында бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

МӘСКЕУ ҚАЛАЛЫҚ ДУМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Мәскеу қалалық думасының төрағасы Алексей Шапошниковпен жергілікті өкілді органдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін талқылады.



Мәжіліс Спикері Мәскеу қалалық думасының делегациясымен кездесуде екі ел арасында барлық деңгейде өзара тығыз байланыс орнағанын атап өтті.

– Сіздің елордаға сапарыңыз екі астананың өкілді органдары арасындағы ынтымақтастықты жана деңгейге көтереді. Бұл өте маңызды, өйткені Астана мен Мәскеу депутаттары өз өңірлерінің мәселелерін жақсы біледі және екі елорда арасындағы байланыстардың мазмұнын толықтыра алады, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға жақында жасаған мемлекеттік сапарының тарихи маңыздылығына назар аударып, Қазақстан мен Ресей басшыларының тату көршілік қатынастарды нығайтудағы ерекше рөліне жеке тоқталды.

Сапар қорытындысы бойынша жана жаһандық тәртіп жағдайында стратегиялық серіктестікті те-

рендету туралы бірлескен мәлімдеме қабылданды. Онда парламентаралық ынтымақтастықтың жоғары қарқыны атап өтілген.

– Бұл – екі ел парламенттерінің қарым-қатынасына берілген өте жоғары баға. Біздің парламентаралық бір-бірімен жеке де, жұмыс бойынша да тікелей байланыста болып, туындаған мәселелерді жедел шешуде. Осы жазда Мемлекеттік Думамен ынтымақтастық жөніндегі парламентаралық комиссияның жұмысы қайта жанданды, – деді Мәжіліс Спикері.

Алексей Шапошников қонақжайлық үшін алғысын білдіріп, Астана мәслихаты мен Мәскеу қалалық думасы арасындағы өзара ықпалдастықты одан әрі дамытуға ұсынды. Тараптар сондай-ақ мәдени, білім беру және экономика салаларындағы ынтымақтастық жөніндегі бірқатар мәселені талқылады.

Олжас Бектенов NU және НЗМ Жоғары қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізіп, университет жанындағы технопарктегі жобалармен танысты.

Премьер-Министр Олжас Бектенов NU, НЗМ және «Назарбаев Қоры» Жоғары қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізді. Атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдалып, одан әрі даму жоспарлары қаралды.

NU президенті Вакар Ахмад университет Орталық Азия аймағындағы жетекші жоғары білім беру, зерттеу және инновация мекемелерінің бірі екенін айтты. 2011 жылдан бастап 360-қа жуық ғылыми жоба, 9 мыңнан астам жарияланым, 500-ден астам стартап ұсынылды. Адами капиталды дамытуға қосқан үлесі жоғары жұмыспен қамтылумен сипатталады – 2015 жылдан бастап түлектердің шамамен 95%-ы жақсы жұмысқа орналасады немесе оқуын жалғастырады. Отырыста ТМД елдері арасында үздік 2 және Times Higher World University Rankings үздік 300 рейтингіне кіру мақсатына қол жеткізу үшін NU білім беру сапасы мен тиімділігін арттыру бойынша тәсілдер айтылды.

Орта білім беруді дамыту мәселелері бойынша НЗМ басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин сөз сөйледі. Бүгінде «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында НЗМ қолдауымен 135 өңірлік білім беру ұйымы қамтылды, 583 маман даярланды, олар кейіннен ауыл мектептерінің директоры болды. Алдағы жылы ауылдарда тағы 200 тірек мектепті дамыту жоспарланады.

Камқоршылық кеңестің төрағасы мен мүшелері ағымдағы күн тәртібін ескере отырып, білім беру сапасын арттыру, әкімшілік және бюджеттік процестерді жетілдіру жөніндегі NU және НЗМ жоспарларына қатысты бірқатар мәселені айтты.

NU университеті жанындағы технопаркке барған кезде Премьер-Министр ЖОО зерттеушілері іске асыратын және ғылыми шешімдерді коммерцияландыруға бағытталған денсаулық сақтау және ЖИ, тау-кен металлургия салаларын дамыту салаларындағы озық ғылыми әзірлемелермен танысты. Олжас Бектеновке бүгінде ауданы 3 мың шаршы метр болатын технопарк аумағында 32 қазақстандық компания жұмыс істейтіні, тәжірибелік-эксперименттік цех, цифрлық прототиптеу зертханасы бар екені, оларға арнайы экономикалық аймақ режимінің мүмкіндіктері берілетіні баяндалды. Ғылыми жобалардың басшылары индустриалық серіктестермен бірлесіп өз өнімдерін көрсетті және Премьер-Министрдің әзірлемелерді коммерцияландыру мен ілгерілету бойынша бұған дейін қойған міндеттерді жүзеге асыру барысы туралы хабарлады.

Әрбір жоба технологиялардың дайындық деңгейіне сәйкес TRL шкаласы бойынша 0-ден 9-ға дейінгі балмен бағаланады.



ОЗЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Бірқатар әзірлеме барынша бағаланды: Codisplay білім беру IT-жобасы, тау-кен металлургия секторына арналған Smartview Innovation стартапы және INT Central Asia медициналық бұйымдар жасау кәсіпорны.

Оқушылардың цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталған Қазақстандық Codisplay стартап-жобасы қазір Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Түркия, Әзербайжанды қоса алғанда, 10 елдегі 450-ден астам оқу орнын қамтиды. Еліміздің мектептерінде технологияны енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде. Жыл соңына дейін Түркістан облысының 10 білім беру ұйымы Codisplay экокүйесіне қосылып, кейіннен 2025 жылы тағы 60 мекемеге, оның ішінде Ақтөбе және Қарағанды облыстарында кеңейтілетін болады. Олжас Бектенов Оқу-ағарту министрлігіне жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп мектептерде Codisplay әзірлемелерін белсенді енгізуді тапсырды, бұл оқушыларды прототиптер арқылы цифрлық инновацияларға тиімдірек оқытуға мүмкіндік береді. Жоба Ұлттық білім академиясының мақұлдауына ие болды.

Smartview Innovation ЖШС стартапы пайдалы қазбаларды өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған. Жана технология жұмыс күшін 90%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді, қызметкерлердің қауіпсіздік шараларын 80%-ға, аппаратшылардың жұмыс тиімділігін 50%-ға арттырады. Премьер-Министрге қазіргі уақытта пилоттық жоба Түркістан облысында Central Asia Mining Co-мен бірге жүзеге асырылып жатқаны, қосымша серіктес іздестірілуде екені айтылды. Стартапты Ресей, Канада, Аустралия және АҚШ сияқты

халықаралық нарықтарға кеңейту жоспарланып отыр.

Премьер-Министрге тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдарды оңалту үшін экзоканқалар өндірісін іске қосу, клиникаға дейінгі кезеңде донорлық органды ұзақмерзімді тасымалдау жүйесін, катерлі ісікке

қарсы жана препаратты әзірлеу бойынша жобалар таныстырылды. Әзірлемелер клиникалық сынақтың әртүрлі кезеңінде.

Трансплантология саласындағы жоба бойынша Олжас Бектенов ел тұрғындары арасында өсіп келе жатқан қажеттілікті ескере отырып, қазіргі заманғы медицинаның барлық талабына сай болған жағдайда сертификат алу рәсімін жеделдетуді тапсырды. University Medical Center корпоративтік қорының басқарма төрағасы, кардиохирург Юрий Пя әзірлеудің бірегейлігі оқшауланған органды 24 сағаттан астам уақыт бойы сақтап қана қоймай, оның жай-күйін емдеуді, бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігіне, атап айтқанда дәрігерлерге ультратыбыстық, тамыршілік зерттеулер сияқты рәсімдер қолжетімді болатынына тоқталды.

Су ресурстарын басқаруда жасанды интеллектті пайдалану, металдарды терең өңдеу саласындағы бірқатар жобалар бойынша бүгінде индустриалық серіктестерді анықтау үшін келіссөз жүргізілуде, өндірістерді дамыту бойынша егжей-тегжейлі жоспарлар әзірленуде.

Сонымен қатар Премьер-Министрге ақпараттық технологиялар, медицина, робототехника, жасанды интеллект, энергетика, білім беру салаларындағы коммерциялық әлеуеті бар 10 жана әзірлеме таныстырылды.

Олжас Бектенов Үкіметтің экономиканы дамытуға және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған озық жобаларды қолдайтынын атап өтті. ЖОО басшылығы мен мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының алдына ғылым мен өндірісті интеграциялау, өткізу мен экспортқа бағыттау бойынша міндеттер қойылды.



САЛЫҚ КОДЕКСІ САРАПҚА САЛЫНДЫ



Алматы қаласындағы Достық үйінде Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның көшпелі отырысы өтті. Жиында Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, Қоғамдық палата мүшелері, мүдделі мемлекеттік органдардың және «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері, кәсіпкерлер мен сарапшылар Салық кодексі жобасындағы өзгерістерді талқылап салды.

Осыған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айындағы Жолдауында салық заңнамасы мәселелерін Үкімет пен Парламентте жан-жақты сарапқа салып, қажетті шешімдер шығаруды тапсырған еді.

Отырысқа қатысқан Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов жанадан қабылданатын Салық кодексі қоғамда қызу пікірталас туғызғанын, тіпті құжатта депутаттардың пікіріне қарама-қайшы келетін тұстар бар екенін, сондықтан салық мәселесінде жан-жақты тараптың пікірін ескеру арқылы түпкілікті шешімге келу маңызды екенін атап өтті.

— Салық кодексі — Қазақстандағы әрбір азаматқа тиесілі «сезімтал» сұрақ. Қазіргі уақытта бұл мәселенің аясында сын-пікірлер өте көп. Тіпті, осы мәселеде депутаттардың да келіспейтін тұстары бар. Мәселен, нормалардың кесірінен дәрі-дәрмектердің құны қымбаттауы мүмкін, одан бөлек мұнда бір қартадан екінші қартаға төленетін қаражаттарға ҚКС (НДС) салыну, сондай-ақ білім саласына қосымша КТС (КПН) салу жөнінде бастамалар бар. Егер шын мәнінде аталған бастамалар жүзеге асса, нәтижесінде қарапайым халыққа, зейнеткерлер мен студенттерге, қатардағы

азаматтарға ауыртапшылық түсуі мүмкін. Салық кодексінің қоғаммен, сарапшылар мен бизнес өкілдерімен ортақ талқыға салып, осыдан кейін ғана нақты шешімге тоқталу қажет. Бүгінде Парламентте жұмыс тобының отырыстары өтуде. Біз талқылауға барлық тарапты шақырып отырмыз. Расында, қазір Салық кодексі мәселесі төңірегінде үлкен пікірталас жүріп жатыр, — деді Мәжіліс депутаты А.Аймағамбетов.

«ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ АШЫҚ БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙМЫЗ»

Ал Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова Салық кодексі мәселесінде ескерілетін екі бірдей түйткілі мәселені негізге алды. Ол креативті индустрия саласында еңбек ететін азаматтарға салықтық преференция беру мәселесіне тоқталды. Онымен қоса, депутат салық саясатының ашық жүргізілуі тиіс екенін, әсіресе көлемді бизнес өкілдері салығын ашық төлеуі және мемлекетке түсімдердің түсуі тұрғысынан заңнамалық шешімдер болуы қажет екенін түйреп өтті.

— Салық кодексі — бұл азаматтардың табысы. Оны қалай жинақтайды және қай

салаларға қалай бөледі? Осы мәселенің барлығы ашық әрі әділетті болуға тиіс. Бірінші мәселе — әлеуметтік салаға байланысты. Сонымен қатар креативті индустрия бағыты өте кең көлемді қамтиды. Көптен бері аталған салаға салықтық преференциялар беру мәселесі айтылып келеді. Бұл қатарда қолөнершілер бар. Біз оларға да салықтық преференция беру мәселесін көтереміз. Азаматтардан түсетін салық көп болған сайын, қазір жоғарыда аталған сала мамандары қиындық көріп отыр. Екінші мәселе — шағын және орта бизнес. Біз шағын және орта бизнесінің ашық болғанын және легалды жұмыс істегенін қалаймыз. Қазір олардың алпауыт бизнес өкілдерімен қатар тұрып салық төлегені қаншалықты дұрыс? Біз бүгін Қоғамдық палатада экономистер, сарапшылар, макроэкономистер, сонымен қатар салық мамандарын шақырып, негізгі мәселелерді талқылаймыз. Осы уақытқа дейін Парламентте талқылау өтті. Бұл отырыста да көңіліміз толмайтын мәселелерді ортаға салдық. Өйткені шағын бизнеске байланысты салықтық жана мазмұнда ешқандай мәселе болмады. Креативті индустрияға қатысты ешқандай ұсынысты көрмедік. Сондықтан бүгінгі талқылауда

осы екі мәселені шегелеп тұрып айтқымыз келеді, — деп сөзін қорытындылады Мәжіліс депутаты Ж.Сүлейменова.

«САЛЫҚТЫ ТӨЛЕУ ОНЫ ТӨЛЕМЕУДЕН АРЗАНЫРАҚ» БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Салық кодексінің талқылауға арналған жиынның Алматы қаласында өтуі тегін емес. Себебі мегаполис еліміз бойынша барлық деңгейдегі бизнес түрі орналасқан қалалардың қатарында көш бастап тұр. Ranking.kz порталының дерегіне сүйенсек, шағын және орта бизнес өкілдерінің ең көп үлесі Алматы шаһарында шоғырланған. Нақтырақ айтсақ, қалада 352 мыңнан астам кәсіпкер ісін дөңгелетіп отыр. Талқылау барысында жиынға жетекшілік еткен палата төрағасы Айдос Сарым алда түзету енгізе бермейтін, келешекте тұрақты жұмыс істейтін кодексті қабылдау міндеті тұрғанын алға тартты. Палата төрағасының сөзінше, жана Салық кодексі кәсіпкерлердің ашық жұмыс істеуіне ықпал етіп, сондай-ақ салық төлеуге мәжбүрлемей, ынталандыруға тиіс. Маңызды құжаттың басты міндеті «салықты төлеу оны төлемеуден арзанырақ» болуы қажет.

«Атамекен» ҰҚП Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі Тимур Жәркенов өз сөзінде жана Салық кодексінің жобасын әзірлеу және талқылау барысында кәсіпкерлер мен Үкімет ұстанымдарының келіспеген тұстарына тоқталды. Онымен қоса, Тимур Жәркенов әлеуметтік сала ұйымдары, медицина, тұрғын үй жылжымайтын мүлкі бастапқы сату бойынша құрылыс салушылар үшін қосымша күн салығынан босату жеңілдіктерін сақтауды ұсынды.

— Салық кодексінің жобасында кез келген нысандағы дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде ғана оларды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушы бұйымдарды сатуды және әкелуді қосымша күн салығын төлеуден босату бойынша шектеулер қарастырылған. Бұл ретте коммерциялық сегментте сатылатын дәрі-дәрмектерге қосымша күн салығы салынды. Ұсынылып отырған ереже тұтынушылар арасындағы теңгерімсіздікке, халық шығынының артуына және дәрі-дәрмек тапшылығы қаупіне әкеледі, — деді Т. Жәркенов.

Талқылау барысында өздеріне таныс әрі қолайлы нормаларды алып тастауға

бағытталған заңнамалық түзетулерге алаңдаған кәсіпкерлердің де пікірі ортаға салынды. «Альянс МарКо» ЖШС директоры Оксана Марченконның сөзінше, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, салық органы камералық тексеру туралы хабарламаны орындалмаған деп жариялаған кезде тиісті шешім қабылдауға міндетті. Бірақ Салық кодексінің жобасында бұл норманы алып тастау ұсынылды. Ал сарапшылар мұның тиімсіздігін байқап отыр, себебі салық төлеуші енді камералық бақылау нәтижелері туралы толық әрі сенімді ақпарат ала алмайды және өкілшілік актіге сотта наразылық білдіру мүмкіндігінен айырылады. Қоғамдық палатаның төрағасы айтылған ұсыныстар Салық кодексінің жобасы бойынша алдағы жұмыс барысында Мәжілісте қаралатынын айтты.

ШЫҒЫСТАРДЫҢ 40 ПАЙЫЗЫ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ТИЕСІЛІ

Сөз соңында Мәжілістің вице-спикері Дания Еспаева қазіргі уақытта Салықты азайту немесе жана салықтар енгізуден бас тарту туралы ұсыныстар жасалғанын атап өтті. «Дегенмен күні кеше біз биылғы және алдағы үш жылдық бюджетке өзгерістер мен толықтыруларды қарастырамызды ұмытпауымыз тиіс», — деді ол.

— Қазір қандай тапшылық бар екенін көріп отырмыз. Бюджетті толықтыру әдістерінің бірі — салық базасын ұлғайту. Сондықтан мен қатысушыларды, әсіресе сарапшыларды бюджет кірістерін ұлғайту мәселесінде мемлекеттің ұстанымын ескеруді сұраймын. Өйткені бүгінде шығыстардың 40 пайызы әлеуметтік салаға тиесілі. Бұл дегеніміз — жалақы, зейнетақы, білім беру, денсаулық сақтау бағыты. Олар жыл сайын өсіп келеді, — деді Мәжілістің вице-спикері.

Естеріңізге салайық, биыл маусым айында Қазақстан Ұлттық экономика министрлігі «Ашық НҚА» порталында жана Салық кодексінің жобасын жариялаған еді. Құжатта Кодекс салық салудың негіз құраушы қағидаттарын белгілейтін, Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу, өзгерту, олардың күшін жою, есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, сондай-ақ салықтық міндеттемені орындауға байланысты мемлекет пен салық төлеуші арасындағы қатынастарды реттейтінді айтылған.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

БАР ЖАҚСЫМЫЗ – БАЛАЛАРҒА!

Астанада Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 200-ге жуық баланың қатысуымен «Тең мүмкіндіктер» республикалық инклюзивті спорт фестивалі өтуде. Бұған дейін осындай фестивальдер елдің 18 өңірінде ұйымдастырылған болатын. Енді іріктеу ойындарының жеңімпаздары финалдық кезеңге қатысу үшін елордаға жиналды.

«Тең мүмкіндіктер» фестивалі «AMANAT» партиясы Әйелдер қанатының бастамасымен «Кедергісіз келешек» жобасы аясында Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстанның бочча федерациясы, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, Спортты дамыту дирекциясы және Астана қаласы әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырылды.

«AMANAT» партиясының хатшысы Шолпан Каринова азаматтар, соның ішінде өскелең ұрпақ үшін кедергісіз орта құру партияның сайлауалды бағдарламасының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуы керек екенін айтқан болатын. Партиямыздың бастамасымен өтіп жатқан «Тең мүмкіндіктер» инклюзивті спорт фестивалі ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуетін ашуға, қоғамға бейімделуге, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, сондай-ақ олардың қатарластарының арасында түсіністік қалыптастыруға ықпал етеді. Осындай іс-шаралар арқылы біз инклюзивті қоғам құруға, балалардың таланттарын дамытуға және олардың болашаққа деген сенімін



нығайтуға нақты қадамдар жасап жатырмыз», — деді ол.

Партия хатшысы фестиваль спорттық жарыстар арқылы балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталғанын атап өтті. Іріктеу кезеңдері еліміздің 18 өңірінде өтіп, 1 800-ге жуық баланы қамтыды, олардың үштен бірі — ерекше қажеттіліктері бар балалар.

Өз кезегінде Оқу-ағарту вице-министрі Арай Оразова балалар спортын дамытудың маңыздылығына тоқталып, ведомство басшысы Ғани Бейсембаевтың атынан фестиваль қатысушыларына арналған құттықтауды оқыды.

Фестиваль аясында қатысушылар жеңіл атлетика, бочча және эстафета бо-

йынша сынға түсті. Іс-шараға еліміздің 16 өңірінен 189 бала тіркелді, олардың 63-і ерекше қажеттіліктері бар саналады.

«Бұл фестиваль маған жана достар табуға, өзімді мықты сезінуге және жана спорт түрлерін менгеруге көмектесті. Осындай іс-шаралардың арқасында біз бір-бірімізді қолдап, баршамыздың тең екенімізді түсінеміз», — деп бөлісті қатысушы Аружан Сейтқасым.

Айта кету керек, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау — «AMANAT» партиясының басты басымдықтарының бірі. Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында медициналық мекемелердің электрондық құжаттары негізінде мүгедектікті белгілеу

үдерісі заңнамалық түрде бекітілді; мүгедектігі бар адамдар үшін тауарлар мен қызметтерге тапсырыс беруге арналған Aleumet қосымшасы іске қосылды; ерекше қажеттіліктері бар 15 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылды; әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының шамамен 4 мың нысаны бейімделді; дамуында ауытқулар бар және олардың пайда болу қаупі бар кішкентай балаларға арналған 8 ерте араласу орталығы ашылды; мектептерде 63 инклюзивті қолдау кабинеті жұмысын бастады. Сонымен қатар биыл 1 қантардан бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақылар көбейтілді.

3 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



ЖАСТАР ЖАМАН ӘДЕТТЕРДІҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУҒА ТИІС

Батыс Қазақстан облысының «AMANAT» партиясының БҚОФ жанындағы партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Жиынды партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Махамбет Сұлтанғалиев жүргізді. Күн тәртібінде түнгі мезгілде қызмет көрсететін ойын-сауық орталықтарында құқықбұзушылықтың алдын алу туралы және түнгі уақытта алкоголь өнімдерінің сатылымын реттеу туралы мәселе қаралды.

Жиынға қатысқан комиссия мүшелері түнгі клубтар мен алкомаркеттер қоғамның тыныштығын бұзып отыр деген пікірді ортаға салды. Ал полиция өкілдері Орал қаласындағы The Bar түнгі клубының жұмысын тоқтатуды сұрады. Бұдан бөлек, тәртіп сақшылары басқа түнгі клубтардың жұмысын түнгі 2:00-ге дейін қысқарту туралы ұсыныс айтты. Себебі соңғы жылдары түнгі клубтар қылмыстың шағына айналып отыр деді тәртіп сақшылары.

БҚО ПД жергілікті полиция қызметінің бастығы Ернар Сұлтанғалиев түнгі клубтардағы жағдайдың мәз еместігін айтты. — 2024 жыл басталғалы тек түнгі клубтардың өзінде 80 қылмыс тіркеліп, тергеу жүргізілді. Түнгі клубтарда ұрлық, бұзақылық жасау, мүлікке залал келтіру, адам денсаулығына қазақана зиян тигізу, тонау, алаяқтық, есірткіге қатысты қылмыстар тіркеледі. Атап айтқанда, Central karaoke,

— Түнгі клуб жетекшілерімен де, алкомаркет иелерімен де біз талай жиналыс өткіздік. Түнгі клубтарға қатысты шағым бұрыннан айтылып келеді. Иә, түнгі клубтарда қылмыстың түр-түрі болып жатыр. Біз бәрін түсінеміз. Бірақ түнгі клубтардың жұмысын қысқартуды клуб иелері қолдамайды. Оларға бұл ұсыныс талай айтылды, қарсы болды. Ал алкомаркеттерге келсек, негізі оларға түнгі уақытта арақ-шарап сатуға болмайды. Біз кәсіп иелеріне тиісті нұсқамаларды үнемі жіберіп отырмыз, — деп атап өтті БҚО Кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Сатқалиев.

Алкомаркеттер Оралда қаптап кеткені рас. Қаланың әр бұрышында алкомаркет. Өкінішке қарай, бұлардың жұмысына бірден тосқауыл қоятын заң жоқ. Оларға заңмен рұқсат етілген белгілі уақыты бар. Бірақ кәсіпкерлер қылмысқа барып, түнде



Monreal, The Bar, «Лас Вегас», «Челл Паб» түнгі клубтары мен «Али», «Алғабас» кафе-клубтары полицияға шақырту өте көп түседі. Тауды нәтижелерінен байқағанымыз, қылмыстардың көбі түнгі 2:00-ден кейін болады. Түнгі уақытта клубтардың жұмыс істеуі қылмыс жасауға бейім азаматтардың жиналуына, олардың әртүрлі құқық-бұзушылық жасауына жағдай туғызып отыр. Біз жоғарыдағы қылмыстарды есепке ала отырып, The Bar түнгі клубының жұмыс істеуін тоқтатуды сұраймыз. Себебі The Bar түнгі клубында 9 қылмыс тіркелді. Осы клуб полицияны 28 рет шақырды. Ал қалған түнгі клубтардың жұмысын түнгі 2:00-ге дейін шектеуді қарастыруды сұраймыз, — деп атап өтті БҚО ПД ЖПҚ бастығы Ернар Сұлтанғалиев.

Жергілікті Полиция басқармасының бастығы Ернар Сұлтанғалиевтің бұл ұсынысын Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Болатбек Ақшауов жалғасты.

— Қалада алкомаркеттерден көз сүрінеді. Әр бұрышта қаптап тұр. Олардың жұмыс уақыты да шектеулі емес. Алкомаркеттер негізі түнгі уақытта алкоголь өнімдерін сата алады. Бірақ олар алкомаркет-бар деп ашып, соған лицензия алып, түнімен арақ-шарап сатады. Мен жеке өзім барып көрдім. Олардың іші бар дейтіндей барға келеді. Өтірік 2-3 столды қойып қояды да алкомаркет-бар есебінде арақ-шарап саудасын жүргізіп отыр. Арақ түнімен жеткізу қызметін ұйымдастырып, алкоголь өнімдерін сатады. Бұл қызметті тек полиция реттей алмайды. Барлық мемлекеттік органдар, соның ішінде Мемлекеттік кірістер департаменті осы мәселені реттеу керек деп есептеймін. Жастардың күндіз-түні арақ-шарапқа қол жеткізуі, оны тұтынуы қоғам үшін өте қауіпті. Қылмыстың бәрі арақ ішкеннен болатынын біз анық айта аламыз, — деді Болатбек Ақшауов.

Комиссия отырысына қатысқан БҚО Кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Сатқалиев жоғарыда аталған ұсыныстарды кәсіпкерлердің қолдамайтынын айтты.

де арақ-шарап сатады дейді отырыста сөйлегендер. Сондағы жасап отырған қулығы 2-3 орындық қойып, алкомаркет-бар деп ашып алады екен. Алкомаркеттерге түнде ішімдік өнімдерін сатуға болмайды, ал егер алкомаркет-бар болса тоулік бойына арақ-шарап сатуға рұқсат екен.

Комиссия мүшелері заңға өзгеріс енгізу туралы ұсыныс тастайық деген келісімге келді.

Комиссия мүшесі Гүлнар Әлжанова түнгі клубтар мен алкомаркеттердің жастардың тәрбиесіне кері әсер етіп отырғанын алға тартты.

— Біз сауда дейміз, кәсіпкерлік дейміз. Бірақ жастардың болашағын да ойлауымыз керек қой. Жастар арақ ішіп өліп, түнгі клуб жағалап жүрсе, болашағымыз не болады? Жатақханада жататын жастардың тәрбиесі де алаңдатады. Көбіне колледждерде жатақхананың есігін жауып қоя салады. Оның ішіндегі тәрбиемен ешкімнің шаруасы жоқ. Ал жастар білгенін істейді, — деген пікір білдірді «AMANAT» партиясының БҚОФ жанындағы партиялық бақылау комиссиясының мүшесі Г.Әлжанова.

Комиссия мүшелері айтылған ұсыныстарды жинап, арнайы хат дайындап жоғары өкілетті органдарға жолдау қажет деп сөз сөйледі.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясының БҚОФ атқарушы хатшысы Азамат Сафималиев түнгі клубтар мен алкомаркеттердің жұмысын қоғам болып шешу керектігін айтты.

— Бұл проблеманы біз қоғам болып шешуіміз міндеттіміз. Сіздер айтып жатқан ұсыныстар жерде қалмайды. Біз бұл ұсыныстарды өкілетті органдарға жолдаймыз. Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін мүмкін кейбір заңдарға өзгеріс қажет шығар. Біз жан-жақты талдап, зерттеу жүргізетін боламыз. Біздің кәсіпкерлікке қарсы шығатын ойымыз жоқ. Иә, біз кәсіпкерлерді қолдаймыз. Бірақ заң аясында жұмыс істеуін талап етуіміз керек. Біздің қоғам, әсіресе жастар жаман әдеттердің болмауға тиіс, — деді Азамат Сафималиев.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

НЕГЕ ТӨМЕН ТЕҢГЕНІҢ ТЕГЕУРІНІ?

Биыл қараша айында теңге бағамы доллармен салыстырғанда 5%-ға әлсіреді. Сонымен қатар Қазақстан қор биржасындағы (KASE) шетелдік валютаның сауда көлемі де азайды. Теңгеге қысымды азайту мақсатында Ұлттық банк 2,4 млрд АҚШ доллары көлемінде шетел валютасын сатқан болатын. Ал Желтоқсан айында бюджет трансферттерінен тыс ірі интервенциялар немесе сатып алулар болмайды деп болжануда. Сондықтан отандық сарапшылар алдағы уақытта теңге бағамы тұрақталады деген долбар жасап отыр. Валюта нарығындағы дүрбелеңнің себебі мен оның инфляцияға және тұтыну тауарларының бағасына әсері туралы тәуелсіз экономистер пікірін оқырман назарына ұсынамыз.

Мақсат ХАЛЫҚ,
экономист:

ИНФЛЯЦИЯҒА ӘСЕР ЕТПЕЙ ҚОЙМАЙДЫ

Валюта нарығында шынында да дүрбелең болып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, нарық ойыншылары, яғни спекулянттар да араласып, тұрақсыздық орнады десе де болады. Баға 2-3 есеге дейін өсуі мүмкін деп дақпырт ақпарат таратып жатқандар да кездеседі. Сондықтан сарапшы ретінде азаматтарға асығыс шешім қабылдап, АҚШ долларын сатып алудың қажеттілігі жоқ деп кеңес айтар едім. Өйткені қолдан тапшылық орнатуға тырысатындар жетерлік. Себебі Ұлттық банк бекіткен бағам бойынша емес, өте жоғары спекулятивті бағада сатылатынын атап өткім келеді.

Бұл жағдай — уақытша үдеріс. Ал оның негізгі себебі — ресейлік рубльдің қатты құнсыздануы. Оған дейін де теңгеміз әлсіреуі керек болып тұрған еді. Өйткені АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамы 500 болған күннің өзінде бұл мемлекеттің араласуымен сақталып тұрды. Соңғы 2 жылда Ұлттық қордан жыл сайын 10 млрд АҚШ долларынан астам қаражатты аударып отырдық. Нарықта тапшы шетелдік валютаны осындай жолмен жеткізіп отырдық. Биыл жыл басында ғана Ұлттық қор аударымдарының 70 пайызы жұмсалып кетті. Ай сайын 800 млн АҚШ долларына тең аударым жасалып отырды. Әрине, ол ақша ішкі нарықта теңгені сатып алуға жұмсалды. Осылайша, ұлттық валютамыз қолдан нығайтылды деп айтуға болады.

Жаз басында бұл көрсеткіш бірден екі есеге, яғни 400 млн АҚШ долларына дейін азайып кетті. Валюта нарығында бұл бірден сезілгені белгілі. Өйткені сол кезде 10 пайызға бірден құнсызданған болатын. Сол үдерістерден кейін ҚР ҰБ Қазтөмпром ацилларын сатып аламыз деп Ұлттық қордан тағы да ақша аударған. Ал тамыз айынан бері жасалып жатқан интервенцияларды бәріміз де көріп-біліп отырмыз. Бұл Ұлттық банктің Алтын-резерв қорындағы долларларды сату арқылы нарыққа тікелей араласуы болып табылады. Әрине, оны төмен бағамен сатады. Осы жағдайдың барлығы рубль құнсыздана бастағанда бетке шығып отыр. Сондықтан ұлттық валютамыз бірден құнын жоғалтып жатқанын көріп отырмыз. Нарық ойыншылары да, халық та осындай жайттың болуын күткен еді.

Бірақ бұл үдерістер әрине, уақытша, алдағы уақытта жағдай тұрақталады деп сенеміз. Жыл соңында отандық ірі ұлттық компаниялар, яғни экспорттаушылар мемлекеттік салық төлемдерін жасайды. Олар шетелдік валюта арқылы пайда тапқанымен, соны теңгеге айырбастау арқылы ғана бюджетке салық төлеуі керек. Сол белгілі бір деңгейде теңгеге тұрақтылық алып келеді деген ойдамын. Яғни, жана жылдың бірінші тоқсанынан бастап теңге қайта күш алады.

Негізінде, Ұлттық банк теңгені еркін айналымға жіберген соң валюталық интервенциялар жасамау керек. Бұл терминнің өзі нарыққа араласу дегенді білдіреді, нарық заңдылықтарына сәйкес баға сұраныс пен ұсыныс нәтижесінде қойылуы керек болатын. Бірақ өкінішке қарай, бізде олай болмай тұр. Дегенмен әу баста-ақ біз еркін айналымға жібергенімен, нарыққа интервенция жасау арқылы араласып тұрамыз деп мәлімдеген еді.

Бұл үрдістің барлығы инфляцияға әсер етпей қоймайды. Мысалы, статистика бойынша егер ұлттық валюта 10 пайызға құнсызданса, инфляция 3 пайызға көтеріледі. Қазір теңге біршама құнсызданып кетті. Сондықтан мұның барлығы импорттық тауарлардың қымбаттауына алып келеді.



Әсіресе, тұрмыстық техника мен тұрмыстық химия өнімдері, кәсіпкерлер үшін құрылғылардың құнын өсіреді. Кейбір отандық өндірушілердің өзі Қазақстанда шығарылады дегенмен, шикізатты шетелден алып келеді. Шетелдік валюта өссе, олардың да бағасы қымбаттайды. Импорттық тауарлардан тыс кәсіпкерлер арасында кара бас қамын ойлап та бағаны орынсыз көтеретіндер кездесіп жатады.

Бауыржан ЫСҚАҚОВ,
экономист:

МЕМЛЕКЕТ ЖАҒДАЙДЫ БАҚЫЛАУДА ҰСТАП ОТЫР

Отандық валюта нарығындағы ахуалға сыртқы және ішкі факторлардың әсері бар. Сыртқы факторға қарап болсақ, ең біріншіден, АҚШ долларының әлемдік нарықтағы нығаюы. Мысалы, қыркүйектен бастап АҚШ долларын дамушы және дамыған елдердің валютасына қатысты позициясы күшейді. Әртүрлі индекстерге байланысты бұл валютаның құны 5,5 пайызға артып көтерілгені белгілі. Одан кейінгі валюта нарығындағы дүрбелеңге мұнай бағасының төмендеуі, әлемдік сұраныстың баяулауы әсер етіп отыр.

Оған ОПЕК+ ұйымына мүше елдердің мұнай бағасының барреліне 72 АҚШ долларына дейін төмендеуі әсер етіп отыр. Үшіншісі, ол — геосаяси факторлар. Мысалы, көршілес Ресей рублі 18 пайызға дейін төмендеді. Ішкі нарықта экономикалық белсенділіктің төмендеуі шетел валютасына деген сұраныстың арттырды. Сонымен қатар бюджет шығыстарының өсуі мен квазимемлекеттік сектордағы инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларға

сақтау қажет. Бұл үшін соңғы айда 1 млрд АҚШ долларына тең валюталық интервенция жасалғаны баршаға мәлім. Қаржы реттеуші осы арқылы экономикадағы тұрақтылықты сақтап қалуға мүмкіндік алды. Әрі мұнай бағасының кенеттен төмендеуі секілді әртүрлі геосаяси, қаржылық шоктарды алдын алу арқылы инфляциямен күресті ұзартты. Сонымен қатар бұл ұлттық валютаға деген сенімділікті арттыруды көздейді. Өйткені ҰБ интервенция жүргізу арқылы нарыққа «мемлекет жағдайды өз бақылауында ұстап отыр» деген сигнал береді. Оның қауіпті тұсы — ұзақ мерзім бойы интервенция жасау. Бұл Ұлттық қордың қаражатын кемітіп, резервтердің азаюына, инфляциялық қысымның артуына, нарық механизмдерінің бұзылуына әкеп соқтырады.

Ұлттық банк мұндай жағдайда азық-түлік тауарларының бағасына әртүрлі жолдармен әсер етуге тырысады. Біріншіден, ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтау, мүмкін қысқа мерзімде интервенция жасау қысқа мерзім ішінде импорттық тауарлардың арзандауына және экспорттық тауарлардың қымбаттауына, осылайша бағаны тұрақтандыру амалын іске асырады.

Ғалымжан АЙТҚАЗИН,
Tengenotika каналының авторы:

ТЕҢГЕНІ СЫРТҚЫ ҚЫСЫМНАН ТОЛЫҚ ҚОРҒАЙ АЛМАЙДЫ

Теңге бағамының әлсіреуі — отандық экономика үшін объективті салдар. Жалпы, біздің ұлттық валюта теңгені өзгермелі бағам режимінде жұмыс істейтіні және оның құны биржадағы сұраныс пен ұсыныс арқылы белгіленетіні бірнеше рет жарияланды. Сондықтан да ҚР Ұлттық банкі инфляциялық таргеттеу қағидаттарын

«**Статистика бойынша егер ұлттық валюта 10 пайызға құнсызданса, инфляция 3 пайызға көтеріледі. Қазір теңге біршама құнсызданып кетті. Сондықтан мұның барлығы импорттық тауарлардың қымбаттауына алып келеді. Әсіресе, тұрмыстық техника мен тұрмыстық химия өнімдері, кәсіпкерлер үшін құрылғылардың құнын өсіреді.**»

деген шығындарының ұлғаюуы да әсер етіп отыр. Еліміздегі валюта ұсынысының шектелуі де белгілі бір деңгейде ықпалы болғанын көреміз. Өйткені бұл өз кезегінде инвестициялық климатқа кері әсерін тигізіп, инфляциялық қысымның көбеюіне жағдай жасап отыр. Одан бөлек, спекулятивтік мәмілелердің де көбеюіне жол ашыра алмаймыз. Яғни, «доллардың бағасы қымбаттайды» деген жалған ақпараттың өзі де әртүрлі айырбас бағамындағы тұрақсыздықтың туындауына жағдай жасайды. Осындай факторлар теңгені әлсіреуіне әкеліп отыр. Осыған байланысты Ұлттық банк квазимемлекеттік сектордағы субъектілердің валюталық түсімдерінің 50 пайызын міндетті түрде сатуы жоспарлан отыр. Бұл Ұлттық валютаның нығаюына әсер етеді деп ойлаймын.

Қазіргі жағдайдың тұрақтануына да сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді. Бірінші кезекте, Қазақстан экономикасы да мұнай экспортына тәуелді болғандықтан, мұнай бағасы өссе, теңгенің нығаюына да ықпал етеді. Дегенмен мұнай бағасы төмендегені тиімді. Геосаяси ахуал тұрақтап, көршілес елдерге деген қысым азайса, еліміздің сыртқы саудасын арттырып, валюта нарығын да тұрақтандырады еді. Сонымен қатар АҚШ-тың ФРЖ пайыздық мөлшерлемелері төмендетілсе, бұл біз секілді дамушы елдердің ұлттық валюталарына тиімді болмақ.

Өз отанымызға оралар болсақ, жоғарыда айтып өткенімдей, квазимемлекеттік субъектілердің валюталық түсімдерін сату міндетті түрде жүзеге асырылса, инфляциямен күрес тиімді жолға қойылып, экономиканы өртаптапандыруға жол ашыла, нарықтағы теңгенің құны біршама тұрақтанады еді. Бұл өз кезегінде елімізге келетін инвестициялық түсімдердің артуы мен сауда-серіктестік байланыстардың қалыптасуына жағдай жасамақ.

Біздің жағдайда Ұлттық банк үшін нарықта валюталық интервенция жасауға қажеттілік туындады деп ойлаймын. Бірінші кезекте, валюта бағамының тұрақтылығын

ұстана отырып, ұзақмерзімді үрдістерге тікелей әсер етпестен, керісінше валюта нарығындағы шектен тыс құбылулардың алдын алу мақсатында интервенция жасайды.

Біз теңгенің ағымдағы күрт әлсіреуі бірінші кезекте Ресей рублінің құлдырауына туындағанын бірнеше рет мәлімдедік. АҚШ-тың соңғы санкциялары, соның ішінде Газпромбанкке қарсы шаралар, рубльге қысымды күшейтті, бұл валюта нарықтарында тізбекті реакция туғызды.

Мұндай жағдайда Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі (теңгедегі ақша құны) инфляцияны тежеу және шетел валютасына артық сұранысты шектеу үшін жұмада бірден 1 пайыздық тармаққа, яғни 15,25%-ға дейін көтерілді. Бірақ базалық мөлшерлемелері тіпті жоғары деңгейі де негізгі серіктестің валютасы төмендеген кезде теңгені сыртқы қысымнан толық қорғай алмайтынын анық.

Қазақстан мен Ресей экономикаларының өзара байланысы туралы бөлек еске салайық: отандық супермаркет сөрелеріндегі тауарлардың көп бөлігі Ресейде өндіріледі, сонымен қатар аралық және инвестициялық тауарлардың импортына сұраныс сақталады.

Осы мәселелерді ескере отырып, теңгенің әлсіреуі — бұл нарықтың сыртқы өзгерістерге табиғи реакциясы деп есептеймін. Кейбір азаматтар айтқандай жағдай соншалықты «күрделі» емес екенін түсіну маңызды: курстың қазіргі ауытқуы уақыт өте келе тұрақтанатын шокпен байланысты.

Сонымен, Қазақстан экономикасы тұрақты, бірақ бұрынғыдай түбегейлі өзгерістерді қажет етеді. Инвестициялық тартымдылықтың өсуі, экспорттың күрделенуі, бір ғана елге шектен тыс импорттық тәуелділікті азайту — бәрі де кезек күттірмейтін маңызды шаралар. Бұл шаралар бізге экономиканың осалдығын азайтуға көмектеседі. Олар сондай-ақ валюта бағамының сыртқы дағдарыстарға ұшырауын азайтады.

Дайындаған
Кәмилә ЕРКІН

БАСПАНА САЯСАТЫНДА БЕТБҰРЫС БАСТАЛДЫ

(Басы 1 бетте)

Үшіншіден, 6 ай ішінде Отбасы банкі жанынан «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» құрылады. Ол аталған бірінші республикалық электрондық базаны жүргізеді, оған азаматтар мен қандастарды есепке қоюмен айналысады.

Алдағы тұрғын үй реформасының басты бір жаңалығы сол, Отбасы банкінің қазіргі екінші деңгейлі мемлекеттік банк мәртебесі «Ұлттық даму институтына» өзгереді. Екінші жаңалық та осыдан туындайды: тұрғынжайға мұқтажтардың бірінші, орталықтандырылған, республикалық тізімін жүргізу соған тапсырылады.

— Қолданыстағы заңнама бойынша жергілікті әкімдіктер мемлекеттік тұрғын үй қорын есепке қоюмен, кезекті жүргізумен, үйлерді бөлуден айналысады. Жаңа заң бойынша осы функциялар Отбасы банкіне беріледі. Бірақ мұндай мемлекеттік қызметтерді банк жүзеге асыра алмайды, сондықтан ол ұлттық даму институтына айналдырылады. Сонымен бірге Отбасы банкінің өзі қазір тұрғын үй салмайды. Сондықтан оны квазимемлекеттік ұйымдары арқылы тұрғызып немесе нарықтан сатып алып, азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету әрі қарай да жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде қалады, — деп түсіндірді Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев.

Мұның сыртында Отбасы банкі үй кезегіндегілер жалға алған жекеменшіктегі пәтерлердің жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялауды, жеңілдетілген ипотека беруді жалғастырады.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛЕ МЕ?

Министрдің айтуынша, бұл реформа 2021 жылы әзірленген. Алайда заңы қазір ғана қабылданып отыр. Осыған орай кейбір сарапшы оны ескіріп қалды деп санайды. Өйткені жуырда Отбасы банкінің басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова төл реформаларына қатысты ұсыныстарын бөлісті. Ұсыныстары мемлекет шығысын қысқарту үшін Отбасы банкінің үлкен бөлігін IPO арқылы жекешелендіруді және онда тұрғын үй құрылысы жинағын жинайтын клиенттерге жыл сайын төленетін мемлекеттік сыйақыны шектеуді қарастырады.

Экономист Ғалымжан Айтқазин Отбасы банкі БЖЗҚ-дан тұрғын үй құрылысы жинақтарына бөлінетін барлық қаржының операторына айналғанын, ата-аналардың өз баласының болашағына жинайтын білім депозиттері де соған берілгенін еске салды. Келесі жылы бүкіл ел бойынша ортақ баспана кезегін жүргізу және тұрғынжайды мұқтаж азаматтар арасында бөлу функциялары соған тапсырылады. Ал бұл — тікелей мемлекеттің функциясы.

— Мұндай жағдайда Отбасы банкі жекешелендіру мүлдем қисынсыз. Себебі мемлекет те, азаматтар да осы банкке

қатты тәуелді болып қалады. Ендеше, халық пен билік тәуелді ұлттық даму институты жеке, бөтен біреудің қолына тисе, ол елімізге өз билігін жүргізіп, өз саясатын таңа бастамай ма? Демек, бұл мәселеге ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан өте мұқият қарау керек. Ибрагимова IPO аясында бірнеше кезеңмен мемлекеттік акциялар пакетінің басым бөлігін жекешелендіру идеясын ілгерілетпек. Мен мұны орынсыз санаймын. Мемлекет толығымен тәуелді активті сатып жіберу ақылға қонбайды, — деді экономист.

Оның пікірінше, Отбасы банкіне мемлекеттік қолдау қысқарса немесе тоқтаса, оның барлық активі құндылығын жоюы мүмкін. Алайда 2017 жылғы ақпаннан қазірге дейін Отбасы банкі табан аудармай басқарып келе жатқан Ләззат Ибрагимова жекешелендіру идеясын жұртшылыққа жария етіп қойды. Ал ол өз бастамаларын аяғына дейін жеткізетін менеджер ретінде танылған.

ЕЛДІ ТОЛҒАНТҚАН ЕКІ ҚАДАМ

Сарапшылар жаңа реформа кейбір отбасыларға жан күйзелісін әкелуі мүмкін екенін ескертеді. Үкімет болса, оған мәжбүрлі түрде барып жатқанын алға тартты. Шенеуніктер мен әкімқаралар жетімбұрыш жағалаған қазақстандықтардың бәрін баспанамен қамти алмайды. Қамтымағаны тұрсын, үй кезегі кейінгі жылдары еселеп ұлғайып барады. Мысалы, ресми дерек бойынша 2021 жылы әлеуметтік баспана



алу кезегінде 287 мыңдай адам тұрыпты. 2024 жылы баспана кезегіндегілердің қатары 650 мың адамға жетті!

Үкімет осы кезекті барынша қысқарту үшін қос радикалды қадамға барады. Бірінші қадам — үй кезегіне түгендеу-инвентаризация жүргізіп, одан жүздеген мың адамды шығарып тастамақ. Бұл процесс басталып та кетті. Биылғы жылдың жеті айында ғана әкімдіктер жалпы саны 34 мыңдай азаматты кезектен шығару туралы қаулы қабылдады.

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің дерегінше, бүгінде тұрғын үй кезегінде тұрған 650 мың қазақстандық тек 255 мыңы ғана халықтың



әлеуметтік осал топтарына жатады. Қалғаны — бюджет қызметкерлері, сот, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, әскерилер, мемлекеттік қызметшілер, қандастар және басқасы. Министрлік «тұрғын үй кезегінде тұрғандардың тізімін жыл сайынғы түгендеу Қазақстанда 300 мыңға жуық адамның тізімнен шығарылуы мүмкін екенін көрсеткенін» жария етті.

Министр Қанат Шарлапаевтың түсіндіруінше, ашықтықты қамтамасыз ету үшін келесі жылдан бастап, Отбасы банкінің интернет ресурсында үй кезегінде тұрғандардың тізімдері ашық жарияланады. Бұған қоса, тоқсан сайын 1 рет инвентаризация жүргізіледі. Оның барысында кезекте тұрған азаматтардың заңнама талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Салыстырсақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес инвентаризация жұмыстарын әкімдіктер жылына тек бір рет жасайтын. Оның қорытындысында тізім онтайландырылып тұрады.

Екінші қадам — мемлекеттен баспана ала алатындардың санаты азайтылады. Сенатор Ләззат Рысбекованың түсіндіруінше, аталған жаңа заң азаматтардың кейбір санатына арналған қол-

сі — өздерінің тұрып жатқан тұрғынжайы белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық және техникалық талаптарға сай келмейді деп танылғандар. Екіншісі — жапсарлас, окшауланбаған тұрғын үй-жайларда екі және одан да көп отбасы тұрып жатқан жағдай. Үшіншісі — отбасы құрамында денсаулық сақтау ведомствосы бекіткен аурулардың тізімі бойынша кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастар болып, онымен бір үйжайда, пәтерде бірге тұру мүмкін болмайтын жағдай, — деді Сенат депутаты.

ҮЙДІ АДАМ ЕМЕС, АВТОМАТ ҮЛЕСТІРЕДІ

Қазіргі қолданыстағы заңнама бойынша олардың бәрі мемлекеттен баспана ала алатын. Енді ондай құқығынан жаппай айрылады. Осы мақсатта аталған жаңа заңмен қолданыстағы «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының 69-бабына өзгерістер енгізілді және осы айтылған азаматтар 2025 жылы тұрғынжайға мұқтаж қатарынан алып тасталады. Жаңа заң бойынша әлеуметтік осал топтар сыртында, тек жалғыз тұрғынжайы «апатты-авариялық» деп танылғандар ғана мемлекеттік тұрғынжаймен қамтамасыз етіледі.

Сенатор Л.Рысбекова санаттарды қысқарту мәселесі Парламент қабырғасында қызу талқыланғанын айтады. Жұмыс топтарының отырыстарында егжей-тегжейлі қаралған көрінеді. Ақыры үш санатты алып тастап, мемлекеттен баспана сұрайтындар қатарын күрт азайтуға шешім қабылданған. Сенат депутаты тек шенеуніктер бұрынғы заңнаманың игілігін пайдаланып, кезекке тұрып қойғандарды үй кезегінен қуып шықпайды деп үміттенеді.

«Жаңа заңды жүзеге асыру баспана алу кезегіне тұрып үлгерген азаматтардың жағдайын нашарлатпауға тиіс деп санаймыз. Олардың саны көп те емес. Мысалы, ауыр дерттермен ауыратын

қуып шыға ма, оны әрі қарай депутаттар емес, жауапты шенеуніктер шешеді.

Отбасы банкінің басшысы Ләззат Ибрагимова болса, түгендеу кезінде олардың шығып қалуы мүмкін екенін жасырмайды.

— Бұл 3 жағдай бойынша тоқсан сайын кем дегенде 1 рет инвентаризация жүргіземіз. Бірінші санатты алсақ, санитариялық-эпидемиологиялық, техникалық талаптарға сай емес үйде отбасының бірге тұратын әрбір мүшесіне Денсаумині бекіткен нормаға сәйкес, 15 шаршы метрден аз келсе, сонда ғана кезекте қалады. Айталық, 45 ш.м. ауданда 4 адамнан құралған отбасы өмір сүрсе, олар инвентаризациядан табысты өтеді, кезекте тұра береді. Бір шаңырақ астында бірнеше отбасы ресми тіркеліп тұрып жатса, олардың да осы нормаға сәйкес баспана алу құқығы сақталады, — деді Л.Ибрагимова.

Ол кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын науқастары бар отбасылардың үй кезегіне тұрып үлгергендерінің саны аз екенін, оларды қамтуға мемлекеттің қауқары жететінін айтты. Бірақ ондай ауруы бар екені мемлекеттік аппараттық жүйемен расталуға тиіс екен. Инвентаризация кезінде базада жоқ болып шықса, тиісті растаушы құжаттарды Отбасы банкіне әкелу құқығы берілмек.

Отбасы банкінің басшысы ұлттық даму институтына айналуға, сондай-ақ баспана үлестіруді, үй кезегінде тұрғандардың ортақ есебін жүргізуді «бір терезе» қағидатымен бір жерден жүзеге асыруға дайын екендерін мәлімдеді. Л.Ибрагимова тауда болашақта халыққа үйді осы институт қызметкерлері емес, робот, жасанды зерде тарататынын жеткізді. Қазірдің өзінде банк мемлекеттік бағдарламаларды No human (адам жоқ) қағидатына көшіріп жатқан көрінеді. Яғни, онда шешім қабылдауға адам қатыспайды, шешім мемлекеттік дерекқорлар негізінде автоматты түрде қабылданады. Тамыр-танысы көптер емес, кімнің кезегі келіп тұрса, баспана соған ұсынылуға тиіс.

Жаңа заң бойынша Отбасы банк тұрғын үйді бөлу кезінде баспанаға мұқтаж азаматтардың кезекте тұрған күні мен қазіргі табыс деңгейін ескеретін болады. Бұл тұрғын үй кезегінде ұзақ жыл тұрған адамдарды қамтуға жол ашады. Заң жобасын әзірлеушілердің тұжырымдауынша, реформа мемлекеттен баспана алу құқығынан айрылғандарға қиын тимек. Бірақ Үкімет кезекте қала алғандардың үй алу мүмкіндігі жақсаратынына сендіреді.

Елдос СЕНБАЙ

Ресми дерек бойынша 2021 жылы әлеуметтік баспана алу кезегінде 287 мыңдай адам тұрыпты. 2024 жылы баспана кезегіндегілердің қатары 650 мың адамға жетті!

даныстағы жеңілдіктер мен басымдықтар қайта қаралды.

— Заңда Қазақстан азаматтары мен қандастарды мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспанаға мұқтаж деп тану шарттары өзгертілді. Бұдан былай келесі санаттар мұқтаж деп танылмайды, оларға мемлекеттік баспана берілмейді. Бірінші-

және отбасы мүшелері онымен бір бөлмеде тұра алмайтын науқастардың үй кезегіне тұра алғанының саны бүкіл еліміз бойынша 745 қана. Бұл азаматтар мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе ареналық үйден баспана алу құқығын сақтауы керек», — деді Ләззат Рысбекова. Алайда оларды кезекте сақтай ма, әлде



Келер жылы әлеуметтік төлем, жәрдемақы және шәкір-тақы өседі. Бұл туралы Үкіметте өткен брифингте Премьер-Министрдің орынбасар – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров мәлімдеді.

— 2025 жылдан бастап орта зейнетақы 8,5 пайызға, әлеуметтік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы 6,5 пайызға жыл сайынғы индексте жүзеге асырылады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша базалық зейнетақының көлемі кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. 2025 жылға арналған республикалық бюджетте

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ ӨСЕДІ

әлеуметтік төлемдердің 42 түріне 6 трлн теңгеден астам шығыстар көзделген. 2024 жылмен салыстырғанда өсім 12,5 пайызды құрайды. Баласы бар 2 млн-ға жуық отбасы мемлекеттен әлеуметтік төлемдермен, жәрдемақылармен қамтылады, — дейді ол.

Ал көпбалалы отбасыларға жәрдемақы төлеу үшін 875 млрд теңге қарастырылады. — Әлеуметтік аз қамтылған азаматтарды республикалық қолдау АӘК арқылы жалғасады. Биылғы қарашада АӘК-ті 76 мың отбасы немесе 403 мың адам алды. Атаулы әлеуметтік көмек төлемдерін қайта қарау аясында азаматтар шығыстарын ескере отырып, отбасының цифрлық картасын пайдалана отыра, АӘК төлемін трансформациялап, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың жүйелерімен біріктіру жоспарланып отыр, — деді министр.

Сонымен қатар алдағы қыркүйекте стипендия көлемі де артпақ.

— Бакалавриат бойынша 20 пайызға магистратура мен докторанттарға 15 пайызға артады. Ғылыми ұйым мен қызметкерлердің лауазымдарына қатысты 18 пайызға ұлғайтылады, 2025 жылдың қаңтарынан бастап тағы да 18 пайызға артады, — деді Нұрлан Байбазаров.

Сондай-ақ вице-премьер Үкімет әлеуметтік маңызды тауарлар бағасын тежеу шараларын қабылдайтынын да жеткізді. — Тұтыну тауарлары бағасының тұрақтылығын сақтау маңыздылығын жете түсінеміз және Ұлттық банкпен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, инфляцияны тежеу жөніндегі шаралар кешенін іске асыруды, оның ішінде ішкі нарықты тауарлармен толықтыру, бәсекелестікті қорғау, сыртқы сауда мен тарифтерді реттеуді жалғастырамыз. Осындай әрекеттердің арқасында Қазақстанда 2023 жылы жылдық инфляция 20 пайыздан 9,8 пайызға дейін төмендеген болатын.

2024 жылдың 11 айының қорытындысында 8,4 пайызды құрады, — деді ол.

Вице-премьердің айтуынша, Үкімет жағдайды қалағалап отыр және әлеуметтік маңызды тауарларға қатысты экономикалық бағаларды тежеуге бағытталған шаралар қабылдайды.

— Әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру үшін жаңа егіннің қоры пайдаланылады. Қысқы және көктемгі маусымаралықта азық-түліктің айтарлықтай қоры қалыптасты. Тұрақтандыру қорлары, сауда нысандары мен ауыл шаурашылығы тауарларын өндірушілерінің қоймаларында 820 мың тоннадан астам негізгі азық-түліктің 29 түрі бар. Бұл қорлар сақтау мерзімін ескере отырып, жүйелі түрде толықтырылады және елдің бірнеше айлық қажеттілігін өтеуге қабілетті, — деді Нұрлан Байбазаров.

М.ЖАСЫН

РУХАНИЯТ

3 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



СЫР ЕЛІНДЕГІ СЫР САНДЫҚ

Алаштың алғашқы астанасы болған Қызылорда қаласында өткен дәуірден сыр шертетін тарихи ғимараттар аз болмады. Уақыт өте келе оның көпшілігі бізге белгісіз себептермен бұзылып кетті. Бүгінде ежелгі сәулет өнерінің әсем үлгісін паш ететін көне ғимараттардан қалғаны саусақпен санарлық. Соның бірі – өз заманында Мұстафа Шоқай дәріс алған көне Перовск орыс-қазақ училищесінің ғимараты.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Дерекке сәйкес, ежелгі Ақмешіттің ажарын ашқан бұл сәулетті ғимарат 1878 жылы бой түзеген. Сол кездері нысан инженер, генерал Брюнонын жобасы негізінде күйдірілген қыш кірпіштен салынса керек. Аталған орын алғашында әскерилердің балаларын оқытатын училище ретінде жұмыс жасапты.

Аталмыш ғимаратқа қарсы бетте сол заманның тағы бір сәулетті ғимараты орыстардың мінәжат ететін православ шіркеуі бой түзеген. Осы шіркеудің жанынан ертеде қаз-қатар барактар салыныпты. Осы барактарда офицерлер мен солдаттардың отбасылары тұрған деген мәлімет айтылады. Бұл Перовск училищесінде сол кезде ел азаттығы үшін күрескен талай тұлғалар дәріс алыпты.

Мәліметке сәйкес, көп жағдайда күйдірілген кірпіштен қаланған тарихи ғимаратты қазақтың белгілі тұлғасы Мұстафа Шоқайдың есімімен тығыз байланыстырып жатады. Тарихшылардың дерегіне сәйкес, училищесіде Мұстафа Шоқай 1899-1902 жылдар аралығында білім алған көрінеді.

«Алаштың алғашқы астанасы – ежелгі Ақмешіт, қазіргі Қызылордада екі ғасырдың куәсіне айналған ескі ғимараттар қатары аз емес. Соның бірі де бірегейі бұрын Перовск орыс-қазақ училищесі болған нысанның тарихи маңызы зор. Әсіресе, училище болып құрылған жылдары бұл орында ел азаттығы үшін аянбай күрескен біртуар тұлға, ұлт болашағының жанашыры Мұстафа Шоқайдың қиын да қиы тағдыры тізбектеліп жатыр. Бұл жайында ұлт жанашырының екі томдық «Тандамалы» кітабында көп деректерді кездестіруге болады. Шоқай өз шығармасында қиы заманның қиын кезеңдерін тебіреніспен баяндайды. Сонымен қатар бұл оқу орнында Қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің көрнекті өкілі, қазақтан шыққан тұңғыш шығыс сәулет өнері тарихын

зерттеуші, ориенталист, ағартушы, зангер, саясаткер, турколог, саяси қуғын-сүргін құрбаны, азаттық күрескері Сералы Лапиннің де ізі бар. Осындай ұлы тұлғалар тәлім алған орынның бүгінде назардан тыс қалып тұрғаны шындығында да ойланарлық жағдай», – дейді Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Асхат Сайлау.

Негізінен, бұл ғимарат ең алғаш «қыздар приход училищесі» ретінде жұмыс жасапты. Ғимараттың қиы кезеңде «қыздар приход училищесі» болып құрылуының тарихи өз алдына бір төбе. Тарихшылар сол кезеңнен жеткен деректер арқылы көптеген мағлұматтарды алға тартып жатады.

«Көне Қызылордада «Қыздар приход училищесінің» ашылуы жайдан-жай емес.

Мұның астарында сол кездегі отарлау саясатының ұшы қылтып көрініп қалады. Бұл жерден қыздардың тәрбиесін бұрмалау арқылы қоғамның көзқарасын өзгерту мақсатында сол кездегі Ресей империясының астыртын саясатқа көшуі бек мүмкін екені айтылады. Яғни, мұның астарында «әйел адам өзгерсе, тұтас бір ұлтты өзгертуге болады» деген ұғым қалыптасқан көрінеді. Бірақ уақыт өте келе училищесіне қазақ отбасылары қыздарын бермей қалуы салдарынан жұмысы тоқырауға ұшырап, астыртын саясаттың жүзеге аспай қалғаны жайында дерек бар. Училище жайында көптеген жазбаларда осы сынды ақпараттар аз айтыл-

маған», – деп ойын сабақтады музейдің ғылыми хатшысы.

Уақыт ағымына ілесіп, «Қыздар приход училищесі» өз жұмысын тоқтатқасын, бұл нысан қазақ жастарын аудармашылыққа дайындайтын түземдік мектеп болған. Сол кезеңде бұл орын төрт класты болып дәріс берген екен.

Бертін келе мұнда Перовск орыс-қазақ училищесінен кейін 1925-1929 жылдары ең алғашқы республикадағы баспахана ашылыпты. Баспаханада «Еңбекші Қазақ» («Егемен Қазақстан») және «Советская степь» («Казахстанская правда») газеттері орналасады. Сол заманның соңғы жылдары бұл ғимаратта аяқкиім фабрикасы ашылып, жұмыс істеген көрінеді.

Ел Тәуелсіздігі жарияланып, тоқырау кезеңі басталған тоқсаныншы жылдары жекешелендіру науқанымен аталмыш ғимарат жекенің қолына өтіп, сауда дүкеніне айналды. Содан бермен қарай тарихи орын Сыр халқына «Аль-асад» сауда орны ретінде мәлім.

Осы орайда тарихи нысанның қазіргі ахуалы төңірегінде Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасынан сұрап көрдік.

«Уақыт ағымына ілесіп, «Қыздар приход училищесі» өз жұмысын тоқтатқасын, бұл нысан қазақ жастарын аудармашылыққа дайындайтын түземдік мектеп болған. Сол кезеңде бұл орын төрт класты болып дәріс берген екен.»

«Бұл ғимарат қазіргі уақытта мемлекет қорғауына алынған жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш болып табылады. Ғимараттың қабырғасына 2017 жылы «Мұстафа Шоқай 1899-1902 жылдары аралығында осы Перовск училищесі ғимаратында оқыды» делінген тақта орнатылды. Сонымен қатар «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасы аясында «Өңірлік қасиетті нысандар» тізіміне енгізіліп, QR-код тақтайшасы орнатылған. Ғимарат Қызылорда қаласының құрылуындағы ең алғашқы сәулет өнерінің үлгісі ретінде тарихи маңызын жоймақ емес», – деп мәлімдеді бұл жайында басқарманың баспасөз қызметі.

Жалпы, тарихи нысанның іргетасы бетоннан құйылып, төбесі шатырмен жабылған. Ғимараттың қасбеті қазақы ою-өрнекпен көмкеріліп, күйдірілген қыш кірпішпен өрілген. Еденіне бетон және плита төселген.

Қалай дегенде де өткен кезеңнің өшпес ізін қалыптастырған тарихи нысанның әлі де жекенің қолында тұрғаны Сыр жұртшылығын алаңдатып отыр. Оның қашан мемлекет меншігіне қайтарылатыны әзірге беймәлім күйде қалып тұр.

Халық тарапынан тарихи орын жекенде қайтарылып, қиы кезеңнен сыр тартатын мұражайға айналса деген ұсыныс-тілектерін айтып жүр. Ал жағдай осылай жалғаса берсе, өткен тарихымызды өшіріп, құнды жәдігерлерімізді құлдымға жіберіп алуға деген қорқыныш басым.

«КӨШПЕКТИ» ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТТЫ

Қазір көшеге шықсаң, бұрынғыдай шулап ойнап жүрген балалар көп көзге түспейді. Ара-тұра ауладағы арнайы алаңда футбол, волейбол ойнап жүрген жеткіншектерді байқаймыз. Бірақ бұрынғыдай үй көрмей ойнайтын бала жоқтың қасы.



Қазір балалардың смартфон мен гаджеттерге тым әуестеніп кеткені сонша, көзін тырналап ашып, телефонға жармасады. Оның пайдасы да жоқ емес, бірақ зияны да аз емес. Телефонға телмірген кішкентайлар экранның ар жағынан үлкен үрей туғызатын нәрселер көреді. Бара-бара аулада асық атып, асыр салып жүрген балалардың ойыны келмеске кеткен құндылықтарымыздың қатарына қосылатын сияқты. Бұл – алаңдатарлық мәселе. Себебі ұлттық ойындар, спорттық ойындар баланы ептілікке, дәлдікке, шапшаң ойлауға, қарсылық ойсыратуға, амал-айламен, ақылмен алуға үйретеді. Оны қойғанда баланың өсіп-жетілуі қимыл-қозғалысты қажет ететіні белгілі.

Ал бүгінгінің баласының ойын қимылы бас бармақпен ғана байланысты болып отыр. Осы олқылықтың орнын аз да болса толтырсам деген мақсатта мұнайлылық ұстаз ұлттық ойын түрін жаңғыртты. Ол – Мұнайлы ауданы, №4 жалпы білім беретін мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог зерттеуші Хадиша Ізденқызы. Ол балалармен 37 жыл бойы жұмыс істеп келеді. Жобасына «Көшпек» деп ат берген. Оқушыларға ұлттық ойындарды жаңарта жеткізіп, олардың санасына салт-дәстүрді сіңіруді мақсат еткен.

«Телефонға телмірген кішкентайлар кішкентай экранның ар жағынан үлкен үрей туғызатын нәрселер көреді. Бара-бара аулада асық атып, асыр салып жүрген балалардың ойыны келмеске кеткен құндылықтарымыздың қатарына қосылатын сияқты. Бұл – алаңдатарлық мәселе.»

«Көшпек» ойынын ерте кездегі көшпелі қазақтар ойнаған. Ол кезде балалар малдың құмалағын, әсіресе қойдың құмалағын қолданған. Үш жылдан бері осы ойынды жаңғырту сам болады, немен ойнасам деп көп ойландым. Төрт-түліктің сүйегін етінен ажыратып, сындырмастан, бүтіндей алып, оны әдемілеп қырып тазалап, майын шығарып қайнаттым. Бұл ұлттық ойын үшін арнайы жасалған сүйектер экологиялық таза, балалар ұстағанда, ойнағанда денсаулығына зияны жоқ. 1-сынып оқушыларынан бастап қазақтар салт-дәстүрі бойынша қонақтарға табақ тартуды үйретеміз. 2022 жылы облыстық семинарда ойынды ұсынып, сол жерде балаларға ойнатып көрсеттік. Көпшілікке ұнады, он

бағасын берді. Семинарға облыс бойынша 84 дене тәрбиесі пәні мұғалімі қатысты. Содан кейін мектепте үйірмеде оқушыларға осы ойынды үйрете бастадым. Ойынға неге жілікті алдым? Көкейімде жүрген екі ойымды байланыстырдым. Ол ұлттық салт-дәстүріміздегі 12 табақ пен жілік еді. Бірінші сынып оқушыларынан құралған «Мұрагер» ұлттық сыныбы ашылды. Сынып оқушылары тек мереке қарсаңында емес, күнделікті сабаққа үнемі ұлттық киім киіп келеді. Ұлттық сынып болғандықтан, барлық пәнде, мысалы есеп шығаруда асықты, тобықты, бақалықты қостырамын. Солармен есеп шығарып, жұмыс істейді. Қазағым айтқандай, «Тобықты мүжі де табалдырыққа лақтыр, жаман ниетті адамдардың көзінен қорғайды. Асықты мүжі де төрге қарай лақтыр, үбірлі-шүбірлі балалы бол». Ұлттық сыныбымызды ашып, ойынды балаларға үйретіп, жұмысымызды жандандырып дамытып жатырмыз. 2023 жылы аудандық «Үздік авторлық бағдарлама» сайысына қатысып, одан орын алдық. Облысқа жолдама алып, жүлделі 2 орынды иелендік. Былтыр Алматы қаласында «Үздік авторлық бағдарлама» сайысы өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінен 176 мұғалім қатысты. Сол сайыста жүлделі 2-орын алдық. Кейбір үлкен

Сағындық РЗАХМЕТОВ,
Маңғыстау облысы



ӨЗЕКТІ

ҚЫЗЫЛША ҚАРЫЗЫ ҚАШАН ҚАЙТАДЫ?

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Биыл қант қызылшасын қабылдау шаруаларды алаңдатқан мәселеге айналды. Өнімнің мол шығуы шаруаларды ғана емес, шенділердің өзін састырды. Билік басындағылар мұндай көлемдегі өнімді күтпесе керек, зауыттардың қуатты күшінен жаңылып, тіпті қырғыз ағайындарды жағалап кетті. Міне, осы қызылша жинау науқанының басталғанынан бері екі ай өтті. Не өзгеріп, не оңалды? Шаруалардың жанайқайы шенділердің құлағына жетті ме?



Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабектің айтуынша, бұл қаржыға шаруалар алдындағы қарызды толықтай өтей алмайды екенбіз. Сондықтан Үкіметтен бөлінеді делінген ақшаға үлкен үміт артылуда.

Облыстық қазынадан қаралатын қаржы Ақсу және Меркі қант зауыттарынан беріледі. Ақсу тарапына 1 млрд теңге белгіленсе, Меркіге 2,4 млрд теңге бөлінеді. Үкіметтен тағы 8-9 млрд теңге күтіп отырмыз. Желтоқсан айының алғашқы онкүндігінде беріледі деген хабар бар. Сол қаржы бөліне

биылғы қызылшаның қарызының бәрі жабылады.

Біздің есебіміз бойынша желтоқсан айының аяғына дейін өнімнің өткізеді деген шаруаларға қарызымыз 12-12,5 млрд теңге болады деп жоспарлануда. Соның әзірге 3,5 млрд теңгесі ғана жабылады, — дейді облыс әкімінің орынбасары.

Демек, Үкіметтен қаржы қаралмаса, шаруалар алдындағы қарыздан құтыла алмаспыз анық. Оған қоса, ол қаржының өзі желтоқсан айының аяғына дейін қабылданатын тәтті түбірге есеп-

телгенін ескерсек, одан кейін қабылданған қызылшаға тағы қарыз болғалы тұрмыз. Бұл — санаға салмақ салатын мәселе.

Қанша қызылша қабылданды? Қызылшаның қар астында қалмауы үшін қандай шаралар атқарылуда?

— Желтоқсан айының 15-іне дейін күн жылы болады деп күтілген. Әзірге облыстағы қант қызылшасының 78,5 пайызы жиналды. Яғни, 8284 гектардың өнімі терілді. Енді қалып отырғаны — 2642 гектар. Екі қант зауытының қабылдағаны — 331 мың тонна. Оның ішінде, Меркі қант зауыты — 302 мың тонна, Ақсу қант зауыты — 29 мың тонна қабылданды. Жалпы, Меркі қант зауыты 450 мың тонна қабылдайды деп күтіп отырмыз. Қалғаны Ақсу қант зауытына жөнелтіледі.

Қазір шаруаларға қызылшаны қардың астында қалдырмай, егістіктің шетіне жинап қоя беріңдер деп жатырмыз. Одан кейін қар жауады, мұз болады, өнімді міндетті түрде тасып бітіреміз. Шу, Жуалы, Талас аудандарында шамамен қызылша өнімі жиналып бітті. Ал Жамбыл ауданында бұл көрсеткіш 83 пайыз, Меркі ауданы 75 пайызға жетті, — дейді облыс әкімінің орынбасары.

Әбілхайыр Тамабектің пікірінше, әлі жиналмаған 2642 гектардың барлығы жарамды деуге де келмейді екен. Арасында өнбей қалғандары да бар көрінеді. Мысалы, «Арас» шаруа қожалығындағы Мақсұт Несіпбаевтың 400 гектарға егілген қызылшасы сәбіздің көлеміндегі ғана болып өніпті. Сол себепті жергілікті билік өкілдері 1 желтоқсаннан бастап шаруалармен бірге қалған егістіктерді аралап шықпақ. Сол сәтте қанша өнім тасуға келетіні, ал қаншауы жарамсыз екені нақты айтылмақ.

Жамбылдық шаруалар жанайқайын білдіргенде, билік басындағылар Меркі қант зауыты маңынан екі қосымша алаң ашып берген болатын. Алайда бұл кезек мәселесін шешті дей алмаймыз. Себебі тәтті түбірді қабылдайтын машинаның саны алтау ғана. Сондықтан мамандар кезек қысқармайтынын ашып айтуда. Ақсу қант зауытында да кезек ұзындығы 8 шақырымға дейін жетеді екен. Зауыттың күнделікті өндіру қуаты 2 200 тонна

болса, ал кіріп жатқан өнім 6 мың тоннаны құраса, кезектен күтуді мүмкін емес екені айтпаса да түсінікті шығар.

Қош, биыл ары тарт та бері тартпен әйтеуір бұл қиындықты да еңсерерміз. Ал келер жылы қайтпекпіз? Жылда бармақ тістеп, сан соғып отырмаймыз ба?

— Келесі жылы Жамбыл облысындағы екі қант зауытын модернизациядан өткізу күтілуде. Меркі қант зауыты Қазақстан даму банкінен 16 млрд теңге несие сұрап отыр. Егер осы қаржы берілсе, келесі жылы зауыт қуатын 500 мың тоннаға жеткізуге мүмкіндік тумақ.

Ал Тараз қант зауытының басшылығы қызылшаға 2026 жылы ғана өтеміз деп отыр. Бірақ біз бұған келіспедік. Қазір зауыт құрылымын өзгертіп жатыр. Осы 10 айдың ішінде ол зауыт қызылшаға қосылатын болса, келесі жылы 15-16 мың гектар қызылша егуге болады. Егер олар бас тартатын жағдайда, онда қызылшаны 7 мың гектардың айналасында егу жоспарлануда, — дейді облыс әкімінің орынбасары Әбілхайыр Тамабек.

Иә, билікке сұранысқа қарай өнім егу қағидасы енді жеткендей. Зауыттардың қуаттылығын зерделеп барып, қанша гектарға қант қызылшасын егуді жоспарламақ. Бұл — қос қолдап қолдайтын жүйе.

Әбілхайыр Ғалымұлының айтуынша, Жамбыл облысы 2023 жылы өртүрлі бағдарлама бойынша берілетін субсидияға 12 млрд теңге қаржы болып шыққан. Биыл бюджеттен сол қарыздар жабылған. Ал бұрыннан келе жатқан инвест субсидияға 8 млрд теңге, пайыздық ставкаға 2,2 млрд, тынайқышқа 2,4 млрд теңге қарызымыз бар. Бұл берешектің орны қалай төленіп әзірге белгісіз. Бір анығы биыл төленбейді. Осылайша, қарыз жылдан-жылға бір-біріне жамалып келеді. Былтыр Үкімет еліміз бойынша субсидияға 90 млрд теңге қарыз болса, биыл сол қарыз 314 млрд теңгеге жеткен. Яғни, үш есе көбейіп кетіп отыр. Сондықтан өзгеге көз тігіп, үміт артуымыз да бос бекершілік болып қалуы мүмкін. Сол себепті сұлу статистиканы қумай, көрпемізге қарай көсілейік. Әйтпесе, ертен шаруалардың қарызы қайтпай, арты тағы дауға ұласуы бек мүмкін.

ТҮЙТКІЛ

ЖЫЛҚЫДА ДА ЖЫЛҚЫ БАР, ҚАЗАНАТЫ БІР БӨЛЕК!

Ежелден қастер тұтып қадірлеген төрт түліктің төресі — жылқы. Өйткені әлемде тұңғыш рет қазақтың арғы ата-бабалары қолға үйреткен қылқұйрықты жануар көшпенділер тіршілігінің басты тірегі, нәм серігі де болған. Қысы-жазы далада еркін жайылатын жылқы малының қиындыққа төзімділігі, еркіндікті сүйетіндігі тұтас қазақтың болмысымен астасып жатқандай. Дегенмен Қамбар ата түлігінің бүгінгі хал-ахуалы аса ойландырарлық. Теріскейдің сақылдаған саршұнақ аязына төтеп беретін, үйірін ит-құстан аман сақтайтын, жұмыр тұяғымен бетегелі боз даладағы жалтыр мұзды құрпалте сындырып, тебіндеп жүре беретін жылқының тұқымы құрып бара жатқаны алаңдатады...

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Олай деуге себеп те жоқ емес. Өткен жылғы Қазақстанның теріскей, орталық және шығыс облыстарында жүт кезінде жылқының қынадай қырылуының тағы бір себебі де осы — жылқы тұқымының тым нәзіктеніп бара жатқанын айғақтап берсе керек. Кейінгі жылдары келенсіз көрініс жылда қайталанатын болды. Жылқы түлігі қысы-жазы далада жайылатындықтан мал ұстайтын ауылдағы жүрт жемшөпін қорасындағы қойы мен бесалты ірі қарасына шақтап жинайды. Ал қыста далада өз аяғымен өткізетін жылқыға шөп әзірлеу есте де болмайды. Негізінен, соғымға жылқы соятын қазақ үшін жылқының тауарлық өтімділігі де жоғары. Жемшөпті аса іздемей, далада бағылатындықтан өзіндік құны да төмен.

Дегенмен терісі қалың, тұяғы жұмыр, еті мен қымызы мол, қатты аяз бен суыққа төзімді, дене бітімі кесек, есік пен төрдей — таза жабы тұқымының қазір жартысы қалды ма екен? Ауылдағы ағайынның қазір қолындағы бағып отырған жылқының дене тұрқы бұрнағы кезбен салыстырғанда да тым кішірейіп ұсақталып кеткені байқалады. Жылқымен етене жақын, жай-жапсарын жақсы білетіндер қазақы ауылдарда, тіпті айғырлардың ауыстырылмауының салдарынан қазақы жылқылардың тұқымы азайып, ал қолда бары селекциялық жұмыстардың жүрмеуінен бойында бар қаліп-қасиеттерін жоғалтып бара жатқанын айтады.

Өткен тарихқа бір сәт үнілсек. Тек Ақмола облысының өзінде бірнеше жылқы

зауытының, сондай-ақ Атбасар, Қоянды сияқты ірі жәрменкелердің болғаны аяқат. Сондықтан Қырым мен Қытайдан келген саудагерлермен бірге жылқы тұқымының қан алмасуы болатыны да анық. Сондай-ақ кешегі Кеңес заманында Қазақ даласында пайда болған да ондаған жылқы зауыттарында небір мықты жылқы тұқымының пайда болғаны да рас. Бірақ көзден бұл-бұл ұшқан бұл жылқы зауыттарынан қазір тек Қостанайдағы «Қазақ тұлпары» жылқы зауытының ғана дыбысы естіледі. Өзгесі құрып кеткені қашан. Салдарынан, отандық жылқы тұқымының азып, селекция және генетикалық дамыудың кенжелеп, етті-сүтті жылқы да, бөйге жылқыларынан да әлем елдерінде көштің соңында қалғанымыз рас.

Мұны жылқытанушы ғалымдар да растап отыр. Олардың айтқан деректеріне жүгінсек, елімізде қазіргі күні 4 миллиондай жылқы болса, соның тек 40 мыңы ғана асылтұқымды саналады. Яғни, іс жүзінде бір пайызға да жетпейді. Жылқының түгелге жуығы — жекеменшіктің қолында. Сондықтан оны асылдандыру, яки асылдандырмау жекеменшік шаруашылықтардың өз еркіне берілген. Бұл орайда қолда бар жылқы малының тұқымын асылдандыруда қолға алынуға тиіс жұмыс шаш етектен. Жылқытанушы ғалым Қайрат Исхан елдегі жылқы малын асылдандыруға қатысты түйткілді бірнеше мәселені атады.

— Иә, еліміздегі жылқыны асылдандыру мәселесі тым кенжелеп кеткені рас. Токсаныншы жылдардағы тоқырау кезінде Кеңестер заманынан қалған жылқы зауыттары түгелдей тарап, тек Қостанай жылқы зауыты ғана аман қалды. Оның өзінде қазір бар-жоғы жүз бастай ғана жылқы қалғанын естідім. Жылқы тұқымын селекциялау,

генетикасын анықтау, қазақтың жабы, көшім, мұғалжар, Қостанай және адай сияқты қолда бар қазақы тұқымдарды көбейту ғылым мен өндірістің бір-бірімен тығыз байланыста болуын қажет етеді. Қазір елімізде барлығы 4 миллион бас жылқы болса, соның тек 40 мыңы ғана асылтұқымды саналады. Мұны көбейту керек. Ақтөбеде тәжірибелік бекет базасында жаңадан жылқы институты құрылып жатыр. Қуана құптамын. Өте дұрыс әрі уақытында жасалған тірлік. Мұнда селекциялық, технологиялық және азықтандыру бағытында жұмыстар жүргізіледі. Яғни, қазақ жылқыларының да басқа ағылшын, араб жылқылары сияқты көштен қалмайтын тұқымын қалыптастыру мәселесімен айналысады. Бірақ өкінішке қарай, қазір маман тапшылығы бұл саланы да айналмай өтпейді. Қазір елімізде жылқы тақырыбын қорғаған 35 ғана ғылым кандидаттары бар. Бірақ нақты мамандар қасқалдақтың қанынан қат. Сондай-ақ жылқыны селекциядан өткізіп, тұқымын жақсарту алатын ғалымдар қартайып барады. Ең көрінісінің жасы қазір 86-дан асқан. Ең жасы — 46-да. Яғни, орта есеппен 75-ке келіп қалған адамдар. Жеке институт болып қаланып, ол әрі қарай іске асу үшін ең бірінші маман мәселесін шешу керек. Сондай-ақ оқу орындарында бұрынғы зоотехник мамандар оқытылғанымен олардың баратын жері де жоқ. Сол үшін мемлекеттік жылқы зауыты ашылғаны жөн болар еді. Осыған дейін асылдандыру инспекторлары болатын. Қазір бұл мамандық мүлдем құрып кетті. Жылқы тұқымын асылдандыруға субсидия мәселесі де шешілмеген. Мәселен, шаруашылық айғыр сатып алса, жергілікті әкімдік арқылы 100 мың теңге субсидия ала алады. Бірақ жабағысының құны 500 мың, айғыры 1 миллион теңгеден астам қаражат тұратын асылтұқымды жылқыны сатып алуға көп шаруашылықтың қаржылық жағдайы көтермейді. Осындай түйткілді мәселе көп, — дейді жылқытанушы ғалым Қайрат Исхан.

Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Жылқы институтының мақсаты — жылқы басын асылдандыру, мамандар тартуға баса назар аударылатынын айтады.

— Жылқы шаруашылығы институты ашылды. Енді саладағы жұмыс қызуға тиіс.



Келер жылдан бастап ғылыми зерттеу жұмыстары басталады. Қазақ даласында қандай жылқы бар? Қандай тұқым қалды? Оларды қалай асылдандыра аламыз? Өндірісті ғылыммен байланыстырмай көтере алмаймыз. Сондықтан салада қандай ғылымдарымыз бар, соларды пайдаланып, басын қосып, қолда бар жылқыларды дамытып, оларды болашаққа шетелге шығара алу мақсаты бар, — дейді Қазақ жылқы шаруашылығы және жемшөп өндіру ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы Әлібек Базарғалиев БАҚ өкілдеріне берген жауабында.

Институт құрылғанымен, жылқының бабын білетін мамандар мүлдем тапшы болып шықты. Яғни, еліміздегі аграрлық университеттерде мал шаруашылығы саласындағы мамандықтар оқытылғанымен Жылқытану кафедрасы мүлдем жоқ. Мұнымен қоса, елде осыған дейін ондап саналатын жылқы зауыты жоққа тән. Тек жалғыз 135 жылдық көне тарихы бар Қостанай жылқы зауыты ғана бар. Оның өзі мемлекеттің көмегі болмаса, жағдайы шатқаяқтап қалған. Қаржыландыруы төмен болғандықтан тұқымы азайып кеткен. Қазір бар жоғы 90 жылқы болса, соның небәрі 77-сі — асылтұқымды.

— Жаны ашығандықтан ғана қаншама маман тұқымды сақтап қалу үшін жанын салып жүр. Жұмысшылар бес айдан жалақы төленбей енді ғана беріліп жатыр. Сонда да шыдады. Қораларға жөндеу қажет. Мамандарымыз тапшы. Ғылыми жұмыстар жүргізуге ақша керек. Жанында бұл мәселе Президент назары ауған соң үмітіміз оянда, — дейді «Қазақ тұлпары» ЖШС зоотехнигі Виталий Гофман.

Жылқының еті мен қымызын өндіріп отырған шаруалар да бірқатар шешілуге тиіс өзекті мәселелердің шетін шығарды. Әсіресе, ұлттық тағам — жылқының қымызы еш бағдарламаға енгізілмегені жылқы шаруашылықтарын аса қатты алаңдатады.

— Жылқы бағытын шаруашылықтардың шымбайына бататын мәселелер жетерлік. Ең алдымен жылқы бағытын жылқышылар жоқ. Астанада басқа да қалаларда арнайы мамандар даярлайтын оқу орындары болса дұрыс болар еді. Екіншіден, жайылым жоқ. Астананың іргесіндегі ауылда жылқы бағамыз. Айналасы бәрі егін. Сыырдың сүті, басқа да малдың сүтіне мемлекеттен көмек берілгенімен, қымыз ешқандай бағдарламаға енгізілмеген. Жылқы шаруашылығын өзіміздің қанымызда болған ата кәсіп болғандықтан қолдан келгенше істеп жатырмыз. Бірақ мемлекеттің ұлттық өнімге жақындап, бағдарламаға енгізіп қолдау білдіргені ауадай қажет болып отыр, — дейді кәсіпкер Нұржамал Бақытова.

P.S.

Жалғыз жылқы шаруашылығы институты еңсеріп кете алмасы анық. Сондықтан қолда бар мүмкіндіктерді пайдаланып, заңнамалық тұрғыдан да, мамандар даярлау және өндіріс пен ғылымды байланыстыру мәселесінде де түйткілдерді бір арнаға тоғыстырмай, түйін тарқатылмайтын сияқты. Бұл орайда құзырлы сала өкілдеріне артылар жүк аса ауыр.



AIQYN-LIVE

3 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстан құрамасы Бокстан Азия чемпионатының алғашқы күнінен бастап 5 медальды қоржынға салды. Байрақты бәсекеде спортшыларымыз жалпы есепте көш басында келе жатыр.

Әсет ҚАЛИ

Турнир басталмай тұрып Қазақстан құрамасы бірнеше медальды қамтамасыз етті. Ерлерде Бекзат Нұрдәулетов жартылай финалды бастайды. Осы кезеңде ол украиндық Даниил Жасанмен (86 келі) кездеседі. Айбек Оралбай да (+92 келі) жарыс жолын жартылай финалдан бастайды. Ол өзбекстандық Жахонгир Зокировпен жұдырықтасады.

Әйелдер арасында Наталья Богданова (70 келі) мен Гүлсая Ержан (81 келі) турнирді жартылай финалдан бастаса, 81 келіден жоғары салмақта Елдана Талипова финалға автоматты түрде жолдама алып, онда Алтина Сотымбоева (Өзбекстан) мен Марина Ловчинская (Украина) арасындағы жеңімпазды күтеді.

Естеріңізде болса, спортшы жартылай финалда жеңілген жағдайда қола медальды қанағат тұтады.

Чемпионаттың екінші күні шаршы алаңда Қазақстанның атынан екі боксшы өнер көрсетті. 57 келіге дейінгі салмақта Оразбек Асылқұлов малайзиялық Зульхайлан Мохамадпен қолғап түйістіріп, сенімді түрде жеңіске жетті. Нәтижесінде, ширек финалға жолдама алды. Сондай-ақ 60 келіге дейінгі салмақта Бейбарыс Жексен өзбекстандық Дильшод Абдумуродовты төрешілердің шешімі бойынша жеңді.

Айта кетейік, 67 келіге дейінгі салмақта Дулат Бекбауов та ширек финалға өткен еді. Қазақстандық боксшы тайбэйлік Ванг Чуанға қарсы жекпе-жек өткізіп, нәтижесінде төрешілердің шешімі бойынша Дулат 5:0 есебімен жеңіске жетті.


Жарыстың үшінші күні Ұлжан Сәрсенбек Украина боксшысынан басым түсті. 57 келіде жұдырықтасатын жерлесіміз 1/8 финалда Украина спортшысы Карина Вовктан айласын асырды.

Құрама сапындағы әрбір боксшы қазақстандық жанкүйерлерге жақсы таныс. Бұл тізімде әлем, Азия чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, Олимпиада ойындарының қатысушылары бар.

Қазақстан ерлер құрамасында 13 спортшы өнер көрсетеді: Санжар Тәшкенбай (48 келі), Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Оразбек Асылқұлов (57 келі), Бейбарыс Жексен (60 келі), Мұхамедсабыр Базарбайұлы (63,5 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Абылайхан Жүсіпов (71 келі), Диас Молжігітов (75 келі), Ерасыл Жапеков (80 келі), Бекзат Нұрдәулетов (86 келі), Сағындық Тоғамбай (92 келі) және Айбек Оралбай (92 келі).

Сондай-ақ қыздар құрамасы да толық құрамда барды: Әйгерім Саттыбаева (48 келі), Алуа Балқыбекова (50 келі), Жазира Оракбаева (52 келі), Сымбат Әлиаскар (54 келі), Ұлжан Сәрсенбек (57 келі), Виктория Графеева (60 келі), Аида Әбікеева (63 келі), Милана Сафронова (66 келі), Наталья Богданова (70 келі), Диана Мағауияева (75 келі), Гүлсая Ержан (81 келі) және Елдана Талипова (81 келі). Бір өкініштісі, Алуа Балқыбекова сырқаттауына байланысты жекпе-жекке шығудан бас тартты.

Біршама уақыт кәсіби мансабын дамытуға көңіл бөлген Абылайхан Жүсіпов



АЗИЯҒА СЕНІМ КӨП

пен Бекзат Нұрдәулетов қайтадан ұлттық құрамаға оралды. Олар барлық маңызды жиыннан өтіп, Қарақозы Әбдалиевті еске алуға арналған турнирде өз шеберліктерін дәлелдеді.

Маңызды өзгерістердің бірі Айбек Оралбайдың ауыр салмақ дәрежесіне өтуі болды. Бас бапкер Қайрат Сәтжановтың айтуынша, бұл өзгеріс Оралбайдың дайындық деңгейіне айтарлықтай әсер етпеген.

—Шымкенттегі турнирде ол 92 келіден жоғары салмақта өнер көрсетті. Төрт жекпе-жек өткізді. Өзін өте жақсы қырынан көрсетті. Қарсыластарынан жылдамырақ, аяқпен жұмыс істеуде басым екенін байқауға болады. Сондықтан ол бұл салмақта толық бейімделді деп айта аламын, — деді бас бапкер.

Болжам бойынша, Оралбай чемпионаттағы ең маңызды жекпе-жектердің

жағдайда әлем чемпионы Миразизбек Мирзахалилов (57 келі) пен Мадияр Саидрахимовты (92 келі) атап өтуге болады.

Құрамда бірнеше жана спортшының есімі аталған. Алайда бұл ақпарат Өзбекстанның алтын алу мүмкіндігі төмен екенін білдірмейді. Әрине, қағаз жүзінде біздің команда әлдеқайда мықты әрі тәжірибелі көрінеді. Бірақ бокста кез келген жағдай болуы мүмкін.

Қарсыластарды төмен бағаламау керек, себебі олардың жеңіске деген құлшынысы әлі де жоғары әрі қауіпті.

Басқа құрамалар қандай қарсылық көрсете алатынын айту қиын. Барлық команданың құрамы әлі жарияланған жоқ, сондықтан турнирлік кестені талдау оңай емес. Дәстүрлі түрде Қытай, Үндістан, Таиланд, Филиппин, Моңғолия және Оңтүстік Корея құрамалары жақсы нәтиже көрсетуі

Өткен Азия чемпионатында Қазақстан үш алтын, алты күміс және үш қола медаль жеңіп алған еді. Алтындар саны бойынша біз тек Өзбекстанға (бес алтын) жол бердік. Бұл жылы чемпионатта кеткен есені қайтаруға тамаша мүмкіндік бар.

бірін өткізуі мүмкін. Азияда ауыр салмақта мықты боксшылар көп емес, сондықтан ақтық сында Айбек пен Өзбекстан спортшысы Жахонгир Зокиров кездесуі ықтимал. Айта кетейік, Зокиров жастар мен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының бес дүркін жеңімпазы.

Жалпы, Өзбекстанның Азия чемпионатына іріктелген құрамы күткендей болмады. Бапкерлер штабы жастарға сенім артып отыр. Олар жақында ғана өз елінің намысын жастар мен жасөспірімдер арасындағы жарыстарда қорғаған еді. Бұл

мүмкін. Қырғызстан сапынан 2024 жылғы Олимпиаданың күміс жүлдегері Мунарбек Сейітбек уулу (57 келі) өнер көрсетеді. Тайбэй мен Тәжікстанның боксшылары да қауіпті.

Айтпақшы, жапон құрамасының көптеген көшбасшысы бұл турнирге қатыспайды. Олар Азия чемпионатымен бір мезгілде Англияда өтетін World Boxing ұйымдастырған Әлем кубогына аттанды. Алайда жарысқа Украина боксшылары қатысады. Дегенмен олардың қатарында Париж Олимпиадасының финалында Нұрбек Оралбайды жеңген Александр Хижняк жоқ екенін атап өткен жөн.

Өткен Азия чемпионатында Қазақстан үш алтын, алты күміс және үш қола медаль жеңіп алған еді. Алтындар саны бойынша біз тек Өзбекстанға (бес алтын) жол бердік. Бұл жылы чемпионатта кеткен есені қайтаруға тамаша мүмкіндік бар. Қайрат Сәтжановтың алға қойған мақсаты — көп алтын медаль ұтып, командалық есепте жеңіске жету. Сонымен қатар олимпиададағы олжылықтың орнын толтыру да маңызды міндеттердің бірі.

2024 жылғы Азия чемпионаты 30 қарашадан 12 желтоқсанға дейін өтеді. Бастапқыда құрлықтық чемпионат Иорданияның Амман қаласында өтуі керек еді, бірақ кейін қауіпсіздік мәселелеріне байланысты орны ауыстырылды.

«ОРДАБАСЫ» ҮМІТТІ АҚТАМАДЫ

Осыдан тура бір жыл бұрын шымкенттік «Ордабасы» футбол командасы өз тарихында тұңғыш рет Қазақстан чемпионы атанған болатын. Сонда қала әкімі Ғабит Сыздықбеков ел чемпионатының жеңімпаздарын салтанатты түрде құттықтап, «Бұл — біздің қаламыз үшін маңызды жеңіс. Сіздерді тарихи жетістіктеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Осы жеңістің арқасында Чемпиондар лигасының іріктеу ойындарына жолдама алып отырмыз», — деп қуанышты жүрекжарды тілегін білдірген-ді. Өкінішке қарай, шымкенттіктер былтыр қатты қуанып қойған секілді. Биыл «Ордабасы» футбол клубы бірқатар сәтсіздікке ұшырады.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Қала басшысы Ғабит Әбдімәжитұлы былтыр «Ордабасы» командасының әр ойынында стадионымыз жанкүйерге толды. Бұл — қала тұрғындарының футболға деген қызығушылығы артқа-

тамыз айында УЕФА Конференция лигасының үшінші іріктеу кезеңінде Арменияның «Пюник» командасынан қарсы қарымта кездесуде жеңіліп қалды. Осылайша, команда еурокубок маусымын аяқтады. Жеңіліс мұнымен біткен жоқ, қыркүйек айында футболдан Қазақстан пре-



нынның белгісі. Осы жеңіске жанкүйерлеріміздің осылай қолдау көрсетуінің арқасында жеткенімізді атап өту қажет», — деп «Ордабасы» ойыншыларына шабыт берген болатын. Биыл керісінше қайта-қайта жеңіліске ұшыраған команда ойыншылары жанкүйерлердің қытығына тиді ме, стадионда адам азайып кетті. Осылайша, Шымкент қаласының мәртебесі мен мерейін асырады деп сенген команда үмітті ақтамады.

Чемпиондар лигасының іріктеу ойындарына жолдама алған команда ойыншылары шілде айында УЕФА Чемпиондар лигасының алғашқы іріктеу кезеңінде «Ордабасы» клубы екі матчта да бір гол соға алмай, ұятқа қалды. Олардың алғашқы қарсыласы Молдованың «Петрокуб» командасы болған. Шымкенттегі алғашқы ойын 0:0 есебімен аяқталып, қарымта кездесуде молдовалықтар 1:0 есебімен жеңіске жетті. Сөйтіп, қос матчтың қорытындысы бойынша «Петрокуб» екінші айналымға өтті. Ал «Ордабасы» ойының Конференция лигасында жалғастырды. Айта кетейік, осы кезде елімізде «Ордабасы» командасының жеңілісіне қатысты түрлі пікірталас болып жатты. Молдова клубының жанкүйерлері бірінші матчтан кейін-ақ «Ордабасының» Қазақстан чемпионы екеніне күмәнмен қарағанын, шымкенттік команданың бюджетте де қарсыласынан бірнеше есеге көп екенін, клуб ойыншыларының шымкенттік 1,5 млн жанкүйердің үмітін ақтай алмағаны жөнінде наразылықтар болды.

Қазақ «Бір айналдырғанды шыр айналдырады» деген сөз тура «Ордабасы» футбол командасына айтылғандай. «Ордабасы» футболшылары

мьер-лигасының 21-тур ойындары кезінде «Ордабасы» өз алаңында «Астанаға» есе жіберді. Елордалық клубтан 4:2 есебімен ұтылды. Қазан айында өткен турнирде шымкенттік команданың айын онынан тудырған жоқ. «Ордабасы» тағы да өз алаңында ҚПЛ аутсайдері «Женістен» жеңіліп қалды.

Футболдан ел чемпионы биыл бұл атағын сақтап қала алмай қалды. Есесіне қала әкімдігі Ордабасыға бөлінетін қаржының азаятынын айтты. Былтыр бөлінген 5,3 млрд теңге клубты тығырлықтан шығарып алу үшін қарастырылғанын атап өткен Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков: «Биыл біршама бюджет қарастырылды. Олардың біразы бұрынғы «Ордабасы» басшылығы түзеп кеткен келісімшарттарды жабуға, ойыншылардың жалақысына жұмсалды. Әр келісімшарт үлкен нарықтағы басқа клубтардың алатын айыртынарынан жоғары деңгейде түзетілген», — деді. «Ордабасы» клубы бірқатар айлығы жоғары ойыншылармен қош айтты. Олардың саны жыл соңына дейін 16-ға жетті. «Ордабасы» футбол клубының жанадан келген басшысы Асхат Сейсембек те ойыншыларының жоғары жалақысы таңдандырғанын жасырмады. Енді бюджетінің қысқарғанына қарамастан чемпионаттықтан үмітіміз мол деп отыр. «Команданың келесі жылға жоспары анық. Біз бәсекеге қабілетті команда жасақтап, еурокубокта ел намысын абыроймен қорғап, өз жанкүйерлерімізді қуанту үшін қолдан келгенін барлығын жасайтын боламыз», — деді клуб басшысы.



NUR MEDIA
МЕДИАКОМПАНИЈА

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4529
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,